<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>  <u>Негізгі қимылдар:</u>  аяқтың ұшымен жүру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру; сапқа бір, екі, үш қатармен тұру;  <u>Қимылды ойын:</u>  Қармақ</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту.</b>  Шебер, зергер дегеніміз кім? сұрағына жауаптарын тыңдау.  Қоржынға салынған әртүрлі заттарды көрмей, сипап сезу арқылы не екенін анықтату (сырға, сақина, білезік, моншақ, алқа т.с.с.)  Қоржыннан шыққан заттардың ортақ атауын тапқызып әшекей заттарды кім жасайды, қалай</p>	<p><b>Музыка</b>  "Күй тыңдайық, балақай!"  Мақсат-міндеттері.  Балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  «Бауырсақ» ертегісі арқылы балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын; таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b>  дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды Сызбаларды (штрихтарды), салуға үйрету.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру,</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>  <u>Негізгі қимылдар:</u>  аяқтың ұшымен жүру; кедергілер арасынан еңбектеу; екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығыб метр) қос аяқпен секіру; сапқа бір, екі, үш қатармен тұру;  <u>Қимылды ойын:</u>  Қарлы шеңбер Спорттық жаттығулар:  Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b>  дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау Сызбаларды (штрихтарды),</p>	<p><b>Музыка</b>  "Көкек".  Мақсат-міндеттері.  Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  Дикан деген кім? оның еңбегі қандай?  Сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару, байланысқан бірізді сюжетті құрастыру.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b>  дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау Сызбаларды (штрихтарды), салуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Бидай өсіру мен нан өндіруге қатысатын адамдардың</p>	<p><b>Дене шынықтыру жаттығулар.</b>  <u>Негізгі қимылдар:</u>  аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүгіру; екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығыб метр) қос аяқпен секіру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату;  <u>Қимылды ойын:</u>  Доп мектебі Спорттық жаттығулар:  Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  Шебер, зергер, дикан туралы әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету; таныс сюжеттер бойынша</p>
--	--	---	--	---	---



<p>жасайды түсіндіру. Балалардың өз ойын айта білуін қалыптастыру. Ертегі құрастыру. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруды дамыту</p> <p><b>Математика негіздері</b>  Әшекей заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету  Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру: "өлшемдері бірдей", "ұзынырақ – қысқарақ", "ұзындығы бойынша бірдей".</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Бидай өсіру туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу. Бидайдың сабағын</p>	<p><b>құрастыру</b>  Қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, ерекшеліктері мен оларға тән элементтерін қолдана отырып, құрастыра білу іскерліктерін дамыту. Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.  Халықтық әшекей заттар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету.  Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.  ұлттық әшекей бұйымдардан ұжымдық панно жасауға үйрету.  Құрастыру ойыншықтарымен ойын</p>	<p>салуға үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b>  алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Математика негіздері</b>  Балалардың қалауы бойынша әр түрлі заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. Содан соң таразыға салып салыстыру.</p>	<p>еңбегіне құрмет көрсету. Қамырдан домалақтар жасап, бауырсақ жасау.</p>	<p>ертегілерді сахналау дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b>  алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Математика негіздері</b>  Заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін "артық" затты бөліп алу, пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын орындау және т. б.</p>
--	---	--	--	--

	<p>ұстап көру. Дәндерді жеп көру. Оны суға, топыраққа салып бақылау.</p>				
--	--	--	--	--	--

<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.          Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Табиғи және қалдық материалдардан әшекей заттар жасау.  <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b></p> <p>«Қайдан келдің бауырсақ» ертегісін оқып беру. Қайталап айтуын ұсыну.  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b>          «аюлар мен аралар»</p> <p>Балалардың еркін әрекеті.</p>	<p>«Қызықты ойындар» балалар жақсы көретін ойындары туралы жай және күрделі сөйлемдерді қолдану арқылы әңгімелеу  <b>(қарым қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Қағазды түрлі бағытта бүктеу арқылы ұсақ жасау. Ұшақты ұшырып ойнау.  <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b>          «тракторшылар»</p> <p>Балалардың еркін әрекеті.</p>	<p>Ұлттық ойын «Ханталапай», «Орамал тастамақ» және т.б ойындармен танысытыру  <b>(Танымдық іс-әрекет )</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша ұлттық ойындар мен ойыншықтардың суретін салу, тұзды қамырдан мүсіндеу, түрлі түсті қағаздан қиып жапсыру  <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқау. Бидайды бақша ауласына арнайы дайындалған жерге сеуіп, бетін торпырақпен жауып қою.  <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b>          «сақина жасыру»</p> <p>Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.</p> <p>«Қайдан келдің бауырсақ» ертегісінің ішіндегі кейіпкерге тоқталып, адамдар арасындағы қарым қатынасты әңгімелеу барысында бейнелеуіш</p>	<p>Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.          Шебер, зергер, диқан рөлін сомдау. Өзара қарым қатынас орнату.  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>«Бестемше» ойыны мен, пазылдарды құрауды ойнату  <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b>          «асық ойыны»</p>

				сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)</b> .				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Әлем халық ертегілерін оқып беру <b>(көркем әрекет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b> .				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Әшекей заттарға қарап отырып бейнелеу, мүсіндеу, қиып жапсыру <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p>Әскерлер бейнеленген кітаптарды көрсету арқылы ел қорғаудың ардақты міндет екендігін түсіндіру. Қазақстан Республикасы әскері туралы түсініктерін кеңейту <b>(танымдық іс әрекет)</b></p> <p>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету <b>(зерттеу іс әрекеті)</b></p>	<p>пазлдарды жинау, логикалық ойын тапсырмалары бар ойындар ойнату <b>(Танымдық іс-әрекет )</b></p> <p>Ойыншықтар арасынан жануарлар мен олардың төлдерін тауып атау. Тіршіліктерін сипаттау. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>«Ұр тоқпақ» ертегісін оқып беру. Эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Кейіпкерлерді сомдау арқылы ойындар <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>«Бестемше» ойынын ойнату.</p>	<p>Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан нан өнімдерін жасау <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b></p> <p>Қалаған нан өнімдерінің суретін салу <b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Ою өрнектермен нан салынған астауды сәндеу <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>Зергерлік бұйымдардан ұжымдық шығармашылық жұмыс. <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p>Құрастыру материалдарынан әр түрлі заттар құрастыру. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Ернұр, Медина, Алияйдар, Асылым, Бағланды ұлттық би өнеріне қызығушылық танытып, би қимылдарын орындауын дағдыландыру</p>	<p>Мұхаммеджан, Бекарыс, Раяна, Дияр ды доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен қимылды ойындарды ойнауға қызықтыру</p>	<p>Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін Нұрғасыр, Муслим, Мирас, Құдайбергенде жетілдіру</p>	<p>5 көлемінде санап, сандарды ретімен атауын Медина, Абдірахман,Бақберг ен, Әминада дамыту</p>	<p>Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруын Дария, Мариям, Еркемай, Нұрасыл, Аселде жетілдіру</p>

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	<p><b>Қимылды ойын</b> «аюлар мен аралар»</p> <p>Балалардың еркін әрекеті.</p>	<p><b>Қимылды ойын</b> «белбеу тастау»</p> <p>Балалардың еркін әрекеті.</p>	<p>Асықтардан не құрастыруға болады. Балалардың шығармашылығымен құрылыстар құрастыру <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b></p> <p>Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны</p>	<p><b>Қимылды ойын</b> «Орамал тастамақ»</p> <p>Балалардың еркін әрекеті. Балалардың алып шыққан ойыншықтарын "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Сөздерімен сипаттау. Ойыншықтардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету <b>(Танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Ұлттық ойын «Ханталапай»</p> <p>Балалардың еркін ойыны</p>
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың үйде ойнайтын ойыны мен ойыншығы туралы пікір алмасу Үйде әжесінің әшекей заттары болса тамашалауын. Нан туралы не білетінін сұрау. Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 14.10.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**«Айгөлек» шағын орталығ мектепалды даярлық тобы**  
**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қазан айы 2022жыл 4 апта**

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.10.2022	Сейсенбі 25.10.2022	Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту ( <b>қарым қатынас мәдениеті</b> ).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың өсуі үшін дәрумендердің, таза ауада серуеннің маңыздылығы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) <b>Балармен жеке жұмыс.</b>				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «кұстар туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: аяқтың ұшымен жүру;	Музыка <b>Жетекшісінің жоспары бойынша</b> <b>Көркем әдебиет</b> Торғай-торғай, торғайсың	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және	Музыка Жетекшісінің жоспары бойынша <b>Сөйлеуді дамыту</b> Кітаптардан	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және

<p>қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден жүгіру; кедергілер арасынан еңбектеу; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру; <u>Қимылды ойын:</u> Кімнің тобы тез жинақталады? Кегли</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Қарлығаш пен дәуіт ертегісі» желісімен жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, ертегіні мазмұндауда қолдана білуді жетілдіру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> Беттестіру және тұстастыру, салыстыру әдістерін қолдана отырып,</p>	<p>Жақын келіп, қонбайсың? Жем шашайын, тойып ал Торғай, онда тоңбайсың тақпағын жаттау. «Қарлығаш пен дәуіт ертегісі» бойынша сахналау Әңгіме: Құстар – ерекше жаратылған құбылыс иесі. Бірақ та, құстардың барлығына бірдей тән ұшу қасиеті жоқ құстар жайлы айту. Жүзе алатын құстарды таныстырып оларды сипаттауды үйрету. Аккулар көбіне адамдар бара алмайтын жерде мекендейтіні жайлы. Ол киелі құс, оны атуға болмайтындығы жайлы түсіндіру.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету.</p>	<p>сыртқы қырымен жүру; қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Кім жылдам? Спорттық ойын элементтері: Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу; <b>Сауат ашу негіздері</b> Құстардың дыбыстарын тыңдату. Әр түрлі</p>	<p>суреттер қарау. Акку, торғай, қарлығаш құстарын салыстыру. Сөйлегенде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану <b>Сауат ашу негіздері</b> дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету жиектерді салуға үйрету</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Өз ата-анасының еңбегі жайлы әңгімелегенде, еңбек барысы туралы білімін қолдана білуге, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. Суреттерден ата-анасының еңбек құралдарын табу.</p>	<p>сыртқы қырымен жүру; қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен тепе-теңдікті сақтап жүру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату; <u>Қимылды ойын:</u> Кім жылдам? Спорттық ойын элементтері: Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу; <b>Көркем әдебиет</b> Қыран құс туралы не білетіндерін сұрау. Оның тіршілігін әңгімелеу. Тәрбиешінің</p>
--	--	---	---	--



<p>заттарды салыстыруға үйрету, құстар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Құстардың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Жыл құстары мен қыстайтын құстар туралы білімдерін бекіту, оларды ажырата білуге және атын атауға үйрету; «Ұшты ұшты» ойыны. Дидактикалық ойын «атын ата»</p>	<p>Жиектерді салуға үйрету</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, құстардың суретін салу, мүсінін жасау немесе түрлі түсті қағаздарды киып жапсыру.</p> <p>Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын бере білуге үйрету.</p> <p>Бояумен жұмысты жетілдіру (бояудың қажетті қоюлығын алу үшін, акварель бояуын сумен араластыру).</p> <p>қарапайым қатынастарды сақтай отырып құстың пішінін мүсіндеуге үйрету;</p> <p>Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді киып алу, заттарды</p>	<p>құс атауларын атату.</p> <p>Дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету</p> <p>жиектерді салуға үйрету</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорға жаңа сөздер қосу</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-</p>	<p>Рөлдерге еніп ойнау.</p>	<p>әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру; сөздік қорға жаңа сөздер қосу</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыруды жетілдіру. Қандай пішіндерден ұя жасауға болатынын анықтау.</p>

		бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту. Құрастыру ойыншықтарымен ойын	бірінен ажырата білуге жаттықтыру.		«Артығын тап» дидкатикалық ойыны
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Серуенге кітаптар алып шығу Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>  Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салыстыру. <b>(танымдық іс әрекеті)</b>  Қимылды ойын	Ұшып жүрген құстарды бақылау. Қандай құс екенін тану, жем беру, су беру. Құстар туралы жаттаған тақпақтарын қайталап айту. Табиғи қалдық материалдардан ұя жасау <b>(Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті)</b>  Ұсынылған әр түрлі суреттерге қарап құстардың өздеріне тән ерекшеліктерін бейнелей отырып салу дағдыларын	Табиғи материалдардан құстарды немесе қанатын жасау. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b> Кітаптардан өсімдіктердің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдерін үйрету, қағаздан жасап көруді ұйымдастыру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>  Қимылды ойын «Арқан тарту»	Бірлесіп көңілді «Қарлығаш» әнін орындау. <b>(музыка)</b> Қимылды ойындар ойнау.  Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтау. Ағаштардан түскен бұталарды жинау. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b>  Қимылды ойын «Арқан тарту», «Асық ойыны»	Балалар арасындағы қарым қатынастың қандай болғандығы, қандай сезімдер алғанын бөлісу. Дұрыс қарым қатынас ережелерін құру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>  Құстар кітабын жасау. Қалауы бойынша кітапты сәндеу, ермексаз немесе тұзды қамырдан мүсіндеу және түрлі түсті қағаздарды қиып өрнектеп сіндеу жұмыстарын үйрету. <b>(Бейнелеу іс-әрекеті,</b>

	«Арқан тарту»	қалыптастыру <b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b>  Қимылды, еркін ойындар			<b>шығармашылық іс-әрекеті)</b>  Балалардың дербес әрекеттері, ойындары
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> ) Ереже айту. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру ( <b>көркем әрекет</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Қағазды бүктеу арқылы құс жасау. <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b> Жасаған құстарын сәндеу, әр түрлі бояулармен <b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b> Құстың мүсінін ермексаздан жасау <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын дидкатикалық ойын карточкаларын ойнату. <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p>Топтағы құстардың суреттерін тамашалау, қимылдарын жасап ұшу. Пазлдармен, бестемшемен еркін ойындар. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Топтағы кітаптарға қарап, ішіндегі суреттері бойынша әр түрлі жиындар жасау. <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p>Құстардың қорегі, суретін салу. Ермексаздан дәндер жасау, қағаздардан түйіршік жасау. <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>Аққу торғай, қарлығаш үлкен кіші екенін ажырату, салыстыру. <b>(зерттеу, танымдық іс-әрекет)</b> Барлық ертегі кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру құрылыс материалдарынан құрастыру. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b></p> <p>«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін сахналау. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Құстардың қысқы тіршілігі туралы фильм тамашалау. Балабақшадағы құстармен ауладағы құстардың тіршілігіне бақылау жасау. Өзіндік тұжырымдамалар айта білуін жетілдіру. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Такпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуға Денисті талпындыру</p>	<p>теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды Димиртий мен Аялаға түсіндіру</p>	<p>Денис пен Дмитрийға «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды үйрету</p>	<p>Дария мен Аялаға «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды үйрету</p>	<p>Димитрийға сыпайы түрде өз өтінішін білдіріп, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуын дағдыландыру</p>

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»  Қарлығаш әнін бірге айтып, би билеу <b>(музыка)</b> Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Бүрге»  Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «кетті кетті» Торғай тақпағын қайталау. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>  Балалардың еркін ойындары	Құстар мекендейтін жерлер туралы әңгімелесу. Балабақша ауласының қай жерінде олар мекендеуі мүмкін жерлерді табу. <b>(зерттеу іс әрекеті)</b>	Қимылды ойындар «түйілген орамал» Балалардың еркін ойындары
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Құстар туралы кітаптар қарауды ұсыну. Қарлығаш әнін, торғай тақпағын үйде айту. балалардың қалау бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасауын сұрану. Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 21.10.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**КЕЛІСЕМІН**  
**мектепке дейінгі оқыту**  
**ӘБ жетекшісі**  
 \_\_\_\_\_ **К. Хуанган**  
 «\_\_» \_\_\_\_\_ **20\_\_** жыл

**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық тобының**  
**тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қараша айы 2022жыл 1 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 31.10.2022</b>	<b>Сейсенбі 01.11.2022</b>	<b>Сәрсенбі 02.11.2022</b>	<b>Бейсенбі 03.11.2022</b>	<b>Жұма 04.11.2022</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту ( <b>сөйлеуді дамыту</b> ).				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ауа райының өзгеруіне байланысты сыртта жылы киінуін, топта жеңіл киіммен жүруін қамтамасыз етуін талқылау, кеңес беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту ( <b>бейнелеу іс-әрекеті</b> ) Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнау. Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. ( <b>көркем әдебиет</b> ) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) <b>Балалармен жеке жұмыс.</b>				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау. Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және жалпақ табанды алдын алу жаттығуларын нығайту. ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Асханада				

	кезекшілердің міндеттерін орындау. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды пысықтау. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуға дағдыландыру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңбері: күн сәулесінің белгісін беру арқылы жағымды сипаттау сөздерін бір біріне айту. Сипаттау сөзін айту кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Балалардан сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Жануарлар туралы не біледі? Не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Күшік пен мысық» ертегісін айтып беру. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: тәрбиешінің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын басқаша етіп ойдан шығаруын басқару</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен «жыланша» жүгіру; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Әділ шешім» ертегісін үстел үсті театры арқылы көрсету. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді дамыту.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Жетекшісінің жоспары бойынша</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінікті қалыптастыру. Ойын «заттың атауын тап» Бір бала заттарды сипаттап</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөздің мағынасына қызығушылығын дамыту. Дидактикалық ойын «Бұл не зат» балаларға суреттің төрттен бір бөлігін ашып не зат екенін тапқызу. Геометриялық фигуралардың, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру;</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Ғажайып қоржыннан алынған жабай және үй жануарларын екі топқа бөлу. Олардың атауын атап, дауысын салып, қимыл әрекетін көрсету. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сергіту сәті «Ұзын құлақ сұр қоян»</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшісінің жоспары бойынша.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Қоян зары» әңгімесін оқып беру. Қоянға және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, сахналық қойылымдарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Математика негіздері</b> Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Қоянды топтың әр бұрышына қойып қай бөлікте орналасқанын атату. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық</p>

<p><u>Қимылды ойын:</u> Секіріп жүріп, допты ұста</p> <p><b>Математика негіздері</b> Көрнекіліпен 8 санының пайда болуымен таныстыру. 8 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Дидактикалық ойын «Көршісін тап» әр түрлі санның қасындағы көршілерін табуды үйрету. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылауды және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды: (жануарлар қозғалады, жүреді, жүгіреді, секіреді) Мысық пен күшік туралы білетіндерін айтқызу.</p>	<p>айтады, екінші бала табады. Геометриялық фигуралардың, көгөністердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру</p> <p><b>Сурет салу мүсіндеу жапсыру, құрастыру</b> Жануарлардың дене бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту . Шынайы бейнесіне қарап жануарларға тән ерекшеліктерді беру арқылы мүсіндеу. Табиғи материалдардан жануарлардың бейнесін жапсыру дағдыларын жетілдіру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау арқылы әр түрлі заттардан жануарлар бейнесін құрастыруды үйрету</p>	<p>бір сызыққа қойылған заттардың арасымен «жыланша» жүгіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру; допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Жүгіріп өт</p> <p><u>Спорттық жаттығулар:</u> Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Жануарлардың қыс мезгіліне дайындығы туралы және мал өсіру жайлы әңгімелесу. Оған байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен сөз қорын кеңейту Арнайы жабдықталған</p>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылығын арттыру. Алдын ойнаған ойындарды қайталап, алған білімдерін бекіту. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы фильм көрсетіп түсіндіру. Жабайы жануарлардың қысқа дайындығы туралы суреттер көрсету. Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» әр</p>	<p>және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға ынталандыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> тізені жоғары көтеріп жүру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен «жыланша» жүгіру; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру <u>Қимылды ойын:</u> Аюлар мен аралар</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ халқының тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде пайдаланған қажетті құрал жабдықтары жайлы</p>
--	---	---	--	---



			<p>ортада іс әрекеттер жасауға үйрету</p> <p><b>Математика негіздері</b> Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту. Интеллектуалдық құралдарымен ойындар ойнату Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуын пысықтау.</p>	<p>түрлі жануарларды дыбысы арқылы табу. Балалар ойын тыңдау. Балалардың идеялары бойынша таза ауада зерттеу жүргізу.</p>	<p>фильм көрсету арқылы таныстыру, жаңа сөздерді есте сақтауын дамыту.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (<b>Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>). Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				
<b>Серуен</b>	<p>Ауа райын бақылау. Ата аналар алып келген мысық пен күшікті тамашалау. Ерекшеліктері туралы айтып, сипаттау. Екі жануарды салыстыру.</p>	<p>Аулада өсетін жидектерді бақылау. Жидек ағаштарын тану. Олар туралы не білетіндерін достарына</p>	<p>Үй жануарлары туралы ақпарат беру. Олардың қысқы азығы туралы әңгімелесу. Балабақша ауласында малдарға азық болатын</p>	<p>Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, қыспен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Мұражайға бару, (өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға</p>

	<p><b>(танымдық іс-әрекет)</b>  Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен ағаштардағы өзгерістерді бақылау, жапырақтарды жинауға көмектесу.  Аула сыпырушысының еңбегін бағалау дағдысын дамыту  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар.  Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»</p>	<p>айтып беру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)</b>  Жидектерге қарап олардың бейнесін таяқпен құмда сызып салу  <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>«Қонжық» тақпағын жаттату  Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бүлдірген Іздеп жүр ме, кім білген?  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»  Еркін ойындар</p>	<p>қорек барма табу, жинау. <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасау.</b>  <b>(Музыка)</b>  Жұмбақтар жасыру.</p> <p>Мұртын сипап күн бойы, Бетін сусыз жуады,  Тысырды аңдып түн бойы, Тышқанды кеп қуады. (Мысық)</p> <p>Адамға серік,  Күзетке берік. (Ит)</p> <p>Еріксе,  Құйрығымен ойнайды,  Зеріксе,  Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)</p>	<p>Үй жануарларына жасалынатын күтімді жабайы жануарлармен салыстыру.  <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b>  Қимылды ойын «Соқыр қойшы»</p> <p>«Қонжық» тақпағын айтқызу.  Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бүлдірген Іздеп жүр ме, кім білген?  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>отырмау, бейтаныс адамдардың етініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).</p> <p>Қазақ халқының тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде пайдаланған қажетті құрал жабдықтарымен танысу.  <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар  Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау айтуын ұйымдастыру <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.  Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)  Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде</p>				

	сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Жануарлар» туралы әр түрлі ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, мысық пен күштің мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өз бетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойдан құрастыруға баулу	Жидектердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру. (зерттеу іс-әрекеті) Балалардың қалауы бойынша ермексазбен,	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша жаттау. <b>Төрт-түлік</b> Түйе – малдың үлкені, Жылқы – малдың үркегі. Сиыр – малдың сүттісі, Қой – түліктің құттысы.	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған эсерлерін суретте бейнелеу;	Мұражайға барғанда алған эсерлері бойынша, көрген немесе ұнатқан бейнесін салуына жағдай жасау. (Бейнелеу іс-әрекеті) Мұражай атты композиция жасауды

	<p><b>(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Кітаптарды қарау, мысық пен күшік туралы әңгімелесу. Ертегіні сахналауға мүмкіндік беру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. <b>(Шығармашылық іс-әрекет),</b></p>	<p><i>С.Қасиманов</i> <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Төрт түлік малдың қалауы бойынша суретін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру. <b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>басқару. <b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыра білуін Дария, Мариям, Еркемай, Нұрасыл, Аселде дамыту</p>	<p>Нұрғасыр, Муслим, Мирас, Құдайбергенге әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауды үйрету.</p>	<p>Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасауды Медина, Абдірахман, Бақберген, Әминаға үйрету</p>	<p>Мұхаммеджан, Бекарыс, Раяна, Диярдың қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетуін қалыптастыру</p>	<p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын танып, белгілеуді Ернұр, Медина, Алиядар, Асылым, Бағланға үйрету.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

<b>Серуен</b>	<p>Мысық пен күшік неден қорқады? Олар нені жақсы көреді? Балалардың жауабын талқылау. Топтан алып шыққан қоректерді мысық пен күшікке беру. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мысық пен күшік туралы білетін көңілді әндерді тыңдап, еркін би қимылдарын жасату. <b>(Музыка)</b></p> <p>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Еркін ойындар</p>	<p>Балабақша аумағында шашылып жатқан ағаш бұталарын жинату. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын <b>Ақсерек-көксерек.</b></p>	<p>«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Төрт түлікті легио құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу <b>(танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын <b>Қыз –қуу</b></p>	<p>Қимылды ойын «Қу түлкі»</p> <p>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»</p> <p>Бақша ауласында түскен бұталарды жинату. <b>(танымдық, еңбек іс-әрекет)</b></p> <p>Қимылды ойын <b>Түйілген орамал.</b></p>	<p>Қимылды ойын «Қармақ»</p> <p>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»</p> <p>Қимылды ойын <b>Сақина жасыру</b></p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<p>Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналарға баланың жануарлар туралы не білетінін сұрады. Ертегі ойындарды үйде қайталады ұсыну.</p>				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 28.10.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**«Айгөлек» шағын орталығының мектепалды даярлық тобының  
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы  
Қараша айы 2022жыл 2 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 07.11.2022</b>	<b>Сейсенбі 08.11.2022</b>	<b>Сәрсенбі 09.11.2022</b>	<b>Бейсенбі 10.11.2022</b>	<b>Жұма 11.11.2022</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b> Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. <b>(көркем әдебиет)</b> Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) <b>Балалармен жеке жұмыс.</b>				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңберін өткізу Видео арқылы «Көңілді күн» әніне іс әрекеттер жасау. Орман деген не? Орманда болдың ба? Ол қандай? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
<b>Серуен</b>	<b>Қимылды ойын</b> «Орамал тастамақ» Балалардың еркін әрекеті. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіруді дамыту. <b>(музыка)</b>	<b>Қимылды ойын</b> «Кім жылдам» Балалардың еркін әрекеті. «Ата анаңа тіл тигізбе» тақырыбында әңгімелесу. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Балалардың шығармашылығымен құрылыстар құрастыру <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b> Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны	<b>Қимылды ойын</b> «Орамал тастамақ» Балалардың еркін әрекеті. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіруді дамыту. <b>(музыка)</b>	Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны «Жақсы адам деген қандай адам?» әңгімелесу. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Үйде жетілік ұғымы бойынша балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну,				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 15.12.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық тобының  
тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы  
Желтоқсан айы 2022жыл 4 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 26.12.2022</b>	<b>Сейсенбі 27.12.2022</b>	<b>Сәрсенбі 28.12.2022</b>	<b>Бейсенбі 29.12.2022</b>	<b>Жұма 30.12.2022</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. <b>(қарым қатынас мәдениеті).</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне және жануарларына күтім жасату) <b>Балармен жеке жұмыстар.</b>				
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде аузын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Денсаулық жайында біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. «Дені саудың, жаны сау» деген сөздің мағынасын түсіндіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Қолғап» ертегісін кітап арқылы көрсету. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> заттардан бір қырымен аттап жүру; кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру; гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен арақашықтығы 3 метр) секіру; <u>Қимылды ойын:</u></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Қолғап» ертегісін рөлдергебөліп, сахналауды менгерту</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшісінің жоспары бойынша.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Жаңа жыл мерекесі туралы суреттерді қарау, әңгімелесу. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін дамыту. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкіжоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Қарша қыз туралы мультфильм көру. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін дамыту. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкіжоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру; арқан бойымен бір</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Жаңа жыл ертеңгілігі.Өздерінің ертеңгіліктері туралы суреттер арқылы айтып беруін ұйымдастыру. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Музыка</b> <b>Жетекшісінің жоспары бойынша</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Қолғап» ертегісін сахналауда рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын,интонациясы мен мимикасын беруді меңгерту</p> <p><b>Математика негіздері</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауды. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> заттардан бір қырымен аттап жүру; кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру; оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>Мүсін болып тұр</p> <p><b>Математика негіздері</b> Ертегі кейіпкерлерін санау. Олардың қолғаптың айналасындағы орындарын атау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын</p>	<p><b>Жапсыру, құрастыру</b> қарапайым пішінден өрнектерді құрастыра білуді бекіту. Топты жаңа жыл мерекесіне арнап сәндеу.</p> <p>Әр түрлі жаңа жылдық сыйлықтардың мүсінін жасату. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнауын ұйымдастыру.</p>	<p>қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. <b>Қимылды ойын:</b> Орындарыңа жылдам жет <b>Спорттық ойын элементтері:</b> Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанатуды, оны қақпаға кіргізуді үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, ақша қармен аяз атаның киімдерімен салыстыру атауларын атау.</p> <p><b>Математика негіздері</b> Тәулік бөліктерінің</p>	<p>тұратынын түсінуін дамыту. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салуды дамыту.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысуды ұйымдастыру.</p>	<p>метр) секіру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру; <b>Қимылды ойын:</b> Құрлар <b>Спорттық ойын элементтері:</b> Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанатуды, оны қақпаға кіргізуді үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен балалардың киімдерін күнделікті қолданатын заттарын салыстыру.</p>
--	--	---	---	---	---

	меңгерту Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын талқылап ұғындыру.		ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауды. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.		
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	Аулада серуен барысында, түрлі түсті қағаздардың бетіне қарды қойып қардың түсін анықтау. Қардың дыбысын анықтау. Қолдарына қар алып, қысып сықырын есту. Қара түсті қағаздарға жауып тұрған қарды тосып алу. Лупа арқылы қар ұлпаларының пішіндері әр түрлі екенін анықтау. <b>(танымдық іс</b>	Балабақшаның ауласының тазалығын бақылау. Қыс мезгілінде қандай тазалық жұмыстарын жүргізуге болатынын сұрау. Бірлескен әрекеттер жасату. Балабақша ауласында өсетін шыршаларды жаңа жылдық мерекеге арнайы сәндеу <b>(Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті)</b>	Даладағы қардан адам пішінін жасау. Оның бірнешеуіне тон сияқты жүні бар материалмен жауып қою. Балабақшаның кіре берісіне алып кіру. Жылы жерде қардың қалай еритінін бақылау. Сыртында тоны жоқ қар адамдар тез еритінін байқау. Тон суықтан да ыстықтанда қорғайтыны туралы	Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтау. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b> <b>Спорттық ойын элементтері:</b> Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанатуды, оны қақпаға кіргізуді үйрету.	Кітаптардан жаңа жылдағы қауіпсіздік туралы ақпарат беру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Ауладағы тәртіп ережелерін жасату. Қар ұлпасының суретін салу, қағаздан қиып жапсыру. <b>(Бейнелеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b> Балалардың дербес

	<p><b>әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p>	<p>Көңілді музыка қойып, денелерін шынықтыру. <b>(музыка)</b></p> <p>Қимылды, еркін ойындар</p>	<p>түсіндіру. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p> <p><b>Спорттық жаттығу:</b> Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанауды, жүгіріп келіп сырғанауды үйрету.</p>	<p>Қимылды ойын «Орамал тастамақ»</p>	<p>әрекеттері, ойындары Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (<b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b>).</p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b>) Ереже айту. (<b>сөйлеуді дамыту</b>)</p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (<b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Жыл он екі ай», «Қар ханшайым» және т.б ертегілер оқып беру (<b>көркем әрекет</b>)</p>				

<p><b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p>				
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Қағазды қиып қар ұлпаларын жасау. Оларды терезелерге жапсыру. <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b> Жасаған ұлпаларды әртүрлі бояулармен сәндеу <b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b> Қар түйіршіктерінің мүсінін ермексаздан жасау <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b> Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Олардың сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, мазмұндауын балаларға үйрету. <b>(Қарым-қатынас іс-</b></p>	<p>Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b> Шыршаны сәндеуге ойыншықтар жасату. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау. <b>(жапсыру)</b> Жаңа жылдық тақпақтарын қайталау.</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құруды үйрету. Заттардың мүсінін жасау немесе суретін салуын ұйымдастыру. <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>Спорттық ойын құралдарының суретін салу, мүсінін жасау, ұжымдық жапсыру жұмысын жасату. <b>(зерттеу, танымдық іс-әрекет)</b> Спорттық ойын құралдарын тану, салыстыру, қолдану әдістерін зерттеуді менгерту <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b> «Мойдадыр - Кірқоймас» ертегісін сахналату. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>



	әрекеті)				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыра білуін Дария, Денис, Аяла, Дмитрийға дамыту	Аяла мен дарияға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауды үйрету.	Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасауды Дария, Денис, Аяла, Дмитрийға үйрету	Дария, Денис, Аяла, Дмитрийға қимылды ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетуін қалыптастыру	Бақылау күнтізбесінде ауа райын танып, белгілеуді Дария, Денис, Аяла, Дмитрийға үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»  Көңілді музыкаға би билету. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық <b>(музыка)</b> Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Бүрге»  Балалардың еркін ойындары Қардан жұлдыз құр жасау.	Қимылды ойын «Кетті кетті»  Балалардың еркін ойындары  Қардан тасбақа мен балаларын жасату.	Қимылды ойын «Ақ серек көк серек»  Қардан ұялар жасату.	Қимылды ойындар «Түйілген орамал»  Балалардың еркін ойындары  Қарды мүсіндеуге арналған пішіндерге салып әр түрлі заттар жасату.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Үйде он екі ай және қар ханшайымы филімін немесе мультфилімін көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 23.12.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**КЕЛІСЕМІН**  
**мектепке дейінгі оқыту**  
**ӘБ жетекшісі**  
 \_\_\_\_\_ **К. Хуанган**  
 «\_\_» \_\_\_\_\_ **20\_\_** жыл

**«Айгөлек» шағын орталығы метепалды даярлық тобы**  
**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Қаңтар айы 2023 жыл 1 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b> <b>04.01.2023</b>	<b>Бейсенбі</b> <b>05.01.2023</b>	<b>Жұма</b> <b>06.01.2023</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалардың денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасаумен бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау ( <b>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет</b> )				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Жаңа жылдық ізгі істер жайлы ақпарат беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>			Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту ( <b>бейнелеу іс-әрекеті</b> ) Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Жаңа жыл мерекесін қалай өткізгендерін, қандай сыйлықтар	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату.  Балалармен жеке жұмыс. <b>(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)</b>  Жануарлармен ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше).	Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. ( <b>көркем әдебиет</b> )  Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) <b>(танымдық іс-әрекет)</b>  Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке

			алғаны туралы әңгімелесу. Балалармен жеке жұмыс. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)</b>	Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс. <b>(танымдық іс-әрекет)</b>	жұмыс.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету. <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. <b>(танымдық іс әрекет)</b> Мәдениетті тамақтану және ас ішу құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңбері видео арқылы. Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Балалардан бүгінгі сезінген әсерлерімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Қыс мезгілінің ерекшеліктері? Қысқы ауа райы қандай? Қысқы ойындар туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>			<b>Сауат ашу негіздері</b> Қысқы ойындар тақырыбында суреттер қарау. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Өртүрлі бағыттағы	<b>Сөйлеуді дамыту</b> «Тізбек» ойыны негізінде фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды (басы,	<b>Көркем әдебиет</b> «Қар» тақпағын жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды үйрету.  <b>Математика негіздері</b>

			<p>тігінен,көлденең сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру; 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; орнында айналу <u>Қимылды ойын:</u> Қу түлкі</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақстанның қысқы табиғаты туралы фильм тамашалау. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жетілдіру.</p>	<p>ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауды дамыту ар-ар-ар Қыста қалың қар. ап-ап-ап Өз орныңды тап. аш-аш-аш Ұстап алар қаш. ыр-ыр-ыр Жаттап жүрмін жыр.</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшісінің жоспары бойынша</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Кітаптар қарау. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);</p>	<p>Топтағы ойыншықтардан жиын жасау. Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды пысықтау. Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру; 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; орнында айналу <u>Қимылды ойын:</u> Қу түлкі</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын»),</p>
--	--	--	--	--	---

			<p><b>Математика негіздері</b>  Қар түйіршіктерімен ойындар. Жиынның бөліктерін санау.  Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету.  жеке карточкалармен жұмыс.</p>		<p>«туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.  Мағанасын қуыршақтармен ойын арқылы түсіндіру</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.  Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (<b>Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>).  Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p>				
<b>Серуен</b>			<p>Қар қалай жылытады?  Балалармен зерттеу жұмысын жүргізу.  Картотека №2 (<b>зерттеу және танымдық іс-әрекет</b>)</p> <p>Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасату.  <b>(Музыка)</b></p> <p>Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»  <b>Спорттық жаттығулар:</b>  Шанамен сырғанау.  Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-</p>	<p>Өлі табиғат нысандарын табу.  Олардың не үшін олай аталатынын зерттеу.  <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b>  Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу  «Мәреге кім бұрын жетеді?» жарыс ойыны</p> <p>«Қар» тақпағын қайталап жаттату.  <b>(Қарым-қатынас іс-</b></p>	<p>Қазақ халқының тұрмыста қыс мезгілінде қолданатын құрал жабдықтарымен танысу.қолданып көруін ұйымдастыру.  <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар  Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»</p> <p>Қар бетінде еркін тақырыпта суреттер салу.  <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>

			екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	<b>әрекеті)</b> мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.	
<b>Серуеннен оралу</b>	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки, сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. "Балалар қолдарын жуады" тақырыбында суреттерді қарату: Олар бойынша әңгіме жасату. <b>(көркем әрекет, дербес, еңбек әрекеті).</b>				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды т: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдату. <b>(көркем әдебиет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін қолдау. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b>				

<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Кезекшілердің жұмысын ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру. Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>			<p>Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттау. <b>Қар</b> Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тон киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Ш. Әлдибекұлы.</i> <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексазбен дербес әрекеттер ұйымдастыру. Мүсіндеуде бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды жетілдіру  Шыршаның дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істетуге, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру. Жаңа реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде). <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b>  «Жыл басына таласқан « жануарлар» ертегісін естеріне түсіру. Қазір қандай жануардың жылы екенін сұрау. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету. <b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b>  Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу</p>

			<b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>			<b>Жеке баламен жұмыс:</b> <b>Мақсаты:</b> Аялаға таныс ертегілерді айтуға, ойыншықтар жөнінде шағын әңгіме құрастыруға үйрету	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> <b>Мақсаты:</b> Денисқа суреттен жануарларды тауып, атауға, олардың сипаттық ерекшеліктерін айтай білуге үйрету	<b>.Сюжетті ойын:</b> «Емхана» <b>Мақсаты:</b> Қарым-қатынас көрсете білуге үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>			«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру.  Қысқы орманды лево құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу <b>(танымдық іс-әрекеті)</b> <b>Қимылды ойындар.</b> Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын «Үш табан»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»  Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау. <b>(танымдық, еңбек іс-әрекет)</b>  Қимылды ойын «Омпы»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»  Қимылды ойын «Атбақыл»
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналарға баланың қыс мезгілі туралы не білетінін сұрауын ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 30.12.2022

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_



**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық тобы**  
**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қаңтар айы 2023 жыл 2 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 09.01.2023</b>	<b>Сейсенбі 10.01.2023</b>	<b>Сәрсенбі 11.01.2023</b>	<b>Бейсенбі 12.01.2023</b>	<b>Жұма 13.01.2023</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту <b>(сөйлеуді дамыту)</b> .				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады- бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) <b>Балалармен жеке жұмыс.</b> Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. <b>(танымдық іс әрекет)</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу шін балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарату. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) <b>(танымдық іс әрекет)</b>	Жеке ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)</b>  Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді суреттер арқылы үйрету <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. <b>(көркем әдебиет)</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. <b>Балалармен жеке жұмыс.</b>	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b>

Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындау ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ). <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b> . Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Қазақстан деген не? Сен не білесің? Ол қандай? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Ғажайып қоржыннан әр балаға бір зат алуды ұсыну. Алған заттары жануарлар. Оларды көрмей ұстау арқылы сипаттауға үйрету.</p> <p align="center"><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u> Алға қарай жүру; кедергілерден өту арқылы жүгіру; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру;</p>	<p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Қонжық</b> Қорбаң, қорбаң етеді, Тәттіні жақсы көреді. Қазір де ол бүлдірген Іздеп жүр ме, кім білген? Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды.</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p>Жетекшісінің жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Қысқы жануарлардың тіршілігі туралы суреттер көру. Сөйлемді ауызша талдау: жай</p>	<p align="center"><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Карточкалармен жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, Әртүрлі бағыттағы толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, жазуға мүмкіндік беру.</p> <p align="center"><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u></p> <p><u>Негізгі қимылдар:</u> жүру, жүгіру; отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; орнында айналу</p> <p><u>Қимылды ойын:</u></p>	<p align="center"><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Бір біріне өздері білетін ертегіні үстел үсті немесе саусақ театры арқылы айты беруін ұйымдастыру. Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсінуді, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру</p> <p align="center"><b>Музыка</b></p> <p>Жетекшісінің жоспары бойынша</p> <p align="center"><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу,</p>	<p align="center"><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша немесе «Жеті лақ» ертегісін рөлдерге бөліп, сахналауды үйрету.</p> <p align="center"><b>Математика негіздері</b></p> <p>Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуын пысқтау, 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.</p>

	<p><u>Қимылды ойын:</u> Табан балық және шортан</p> <p><b>Математика негіздері</b> Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуымен таныстыру. тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); козғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ) бойынша топтастыруды меңгерту.</p>	<p>сөйлемдерді сөздерге бөлу, Әртүрлі бағыттағы толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b> Жануарлардың суреттерін салу. Жаңа түстерді (күлгін) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Төрт аяқты жануарларды мүсіндеу. Мүсінделген жануарлардың бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді меңгерту</p> <p>Жануарлардың шаблондармен, трафареттермен, жұмыс істеуді, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды</p>	<p>Жүгіріп өтуге үлгер</p> <p><u>Спорттық ойын элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> «Футбол» ойыны. Ауызды жауып, тілдің ұшымен кезек кезек біресе оңға біресе сол жақ бетке тигізу. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p><b>Математика негіздері</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету.</p>	<p>Әртүрлі бағыттағы толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Жануарларды табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды меңгерту. Жылы елдердегі жануарлар қыста не істейді. Фильм қарау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> алғақарай жүру; 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; бірнеше заттардан еңбектеп өту; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); <u>Қимылды ойын:</u> Кімнің тобы тез жинақталады? <u>Спорттық ойын элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді</p>
--	---	---	--	--	---

		пысықтау.			дұрыс айтуға дағдыландыру. Дыбыстарға сөз құрау ойынын ойнату.
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p>Қар тазалау құралдарын атау. Олардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауды дамыту.</p> <p><b>(танымдық іс әрекеті)</b></p> <p>Күрекшелермен қар тазалау.</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Жануарлардың бейнесін қарда таяппен салу.</p> <p><b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Алшы ойыны»</p>	<p>Балабақшаның ұлттық бұрышына бару.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.</p> <p><b>(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Қарды жануарлар жейді ма тақырыбында әңгімелесу.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Қардан жануарларға үй құрастыру</p> <p><b>(Зерттеу іс әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Балабақша ауласын мекендейтін жануарларды бақылау, оларға күтім жасау. Осы жануарлар орманда мекендей ала ма? Неге?</p> <p><b>(зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Құстар, жануарлар туралы жұмбақтарды шешу.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Соқыр теке»</p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b></p> <p>Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып</p>	<p>Қырау қалай пайда болады?</p> <p>Картотека №3</p> <p><b>(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p>Қарды жануарлардың формаларына салып жасау. Бояумен бояу</p> <p><b>(Бейнелеу, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Қимылды ойын «Күш сынаспақ»</p>	<p>Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуін дамыту.</p> <p><b>(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Аударыспақ»</p> <p><b>Спорттық</b></p>

	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	лақтыруды үйрету.		<b>жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).			
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> ) Тамақтан соң ас қайыру, бата беру.			
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату. ( <b>көркем әдебиет</b> )			
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).			

<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Кітаптарды қарату, «Аю мен тышқан» ертегісін оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату. <b>((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет)</b>  Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп аю мен тышқанның мүсінін жасату. Қағаздан қиып жапсыру. <b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b>	<b>Ақ қоян</b> Ақ қоян-ау, ақ қоян, Арғымаққаша шап қоян. Озып келсең мен саған, «Жеңімпаз» деп ат қоям. Құлақтары тік қоян, Аяқтары ұп қоян. Мұнша желіп жортасың, Сендей жүйрік жоқ қоян. Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүнің мамық, пәк қоян. Жылы үйіңде алаңсыз, Ұйықтап шықшы сақ қоян. <i>Л.Қыраубайқызы</i> Тақпақты жаттату. Бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. <b>(Қарым-қатынас және танымдық іс-әрекет)</b>	«Ормандағы жануарлар» тақырыбында ұжымдық жұмыс <b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b>  Кітаптарды қарау. Ақ қоян тақпағын жаттату. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b>	Жануарлардың бейнесі бар пазлдарды жинату, логикалық ойын тапсырмаларын робототехника арқылы орындату <b>(Танымдық, зерттеу іс әрекет)</b>  Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру.	Балаларды орталықтарға бөліп, қасқыр немесе лақтың бейнесін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыруына мүмкіндік беру. <b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b>  Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. <b>(музыка)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	2.Д/о: «Мынау қай пішін?» М: Геометриялық	<b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> Дарияға кейбір	<b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> Аялаға таныс	<b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> суреттен жануарларды	<b>.Сюжетті ойын:</b> «Емхана» <b>Мақсаты:</b> Қарым-

	пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	қимылдарды ересектердің көрсетуімен орындауға үйрету	ертегілерді айтуға, ойыншықтар жөнінде шағын әңгіме құрастыруға үйрету	тауып, атауға, олардың сипаттық ерекшеліктерін айтай білуге үйрету	қатынас көрсете білуге үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Бақша ауласындағы қарды күрекшелермен жинату. <b>(енбек іс-әрекеті)</b>  Қимылды ойын «Кегли» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер»  Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Кегли» Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау. <b>(музыка)</b> Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Кегли»  Балалардың еркін ойыны <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.	Қимылды ойын «Хан талапай»  Балалардың еркін ойыны
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 06.01.2023

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_





**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық сыныбы**  
**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қаңтар айы 2023 жыл 3 апта**

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.01.2023	Сейсенбі 17.01.2023	Сәрсенбі 18.01.2023	Бейсенбі 19.01.2023	Жұма 20.01.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. <b>(сөйлеуді дамыту).</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды жүргізу <b>(Танымдық, еңбек іс-әрекеті)</b>	Кітаптарды қарау, ертегілер, әңгімелер айту. Балалармен жеке жұмыстарды орындау <b>(Танымдық, қарым - қатынас іс-әрекеті)</b>	«Менің ертегі кейіпкерім» әр түрлі заттардан құрастырып ойындар ойнату. Интеллектум құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары. Балалармен жеке жұмыстарды орындау <b>(Танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап», «Қай ойыншық жоқ», «Ұқсайды-ұқсамайды» Балалармен жеке жұмыстарды жасау <b>(шығармашылық, танымдық іс-әрекеті)</b>	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Табиғи материалдармен құрастыру, шығармашылық жұмыстар. Балалармен жеке жұмыстар <b>(Танымдық, қарым -қатынас іс-әрекеті)</b>
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындау <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнын тауып отыру. Бір біріне астың дәмді болуын тілеу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс				

	ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңбері. Жүректен жүрекке жақсы тілектер бір біріне тілеу. Жаңалықтарымен бөлісу. «Қыстайтын құстар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Карточкаларда бейнеленген суреттер арқылы сөздер құрату. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білуді, етістіктерді жалғаулармен қолдануды жетілдіру</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; <u>Қимылды ойын:</u> Біз көңілді</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» Ертегісін сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшісінің жоспары бойынша</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Ертегі желісі бойынша суреттерге қарап, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b> Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан»,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> «Қарғаның қулығы» әңгімені оқып беру, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; шашырап жүгіру; 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); орнында айналу <u>Қимылды ойын:</u> Әткеншек (Карусель)</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Маған ұнайтын құс» тақырыбында әңгімелесу. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануды қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшісінің жоспары бойынша</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Кітаптарға қарап әңгіме құрау. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Балалардың бастамасымен ертегіні сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> Кітаптардың биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруды үйрету. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>

	<p>балалармыз...</p> <p><b>Математика негіздері</b> Балаларға он см сызғышты беріп, топтағы заттарды өлшеу. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін өлшеуді үйрету. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Қызыл кітапқа енген құстардың түрлерімен таныстыру. Қыста құстардың тіршілігі туралы фильм тамашалау.</p>	<p>«құсқанаты» туралы түсінігін кеңейту өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), қалауы бойынша мүсіндеуіне мүмкіндік беру. Оларды сәндеуде құсқанат, қарлығаш оюлары пайдаланылғанын көрсету.</p> <p>Оюлардың дайын үлгілерді жапсыруды пысықтау.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p>	<p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Карточкалар таратып, бейнеленген заттарды жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Құстардың мекендеу орны қозғалу тәсілі бойынша ақпарат беру. Құстардың қылықтарын қайталау. Тоты құсты бақылау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; орнында айналу <u>Қимылды ойын:</u> <u>Тышқан ұстаушы</u> <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шанамен сырғанау. Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді</p>
--	---	---	---	--	--

					(хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. «Мен айтам, сен қайтала» ойынын ойнау.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимылдағдыларын жетілдіру үшін серуенде өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Балалардың ретімен киінуін (ауа-райы жағдайына байланысты) бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
<b>Серуен</b>	<p>Құстарды бақылау. Олардың іздерін іздеу. Оларға жем су беру. Ұяларын қарау, қардан тазалау. <b>(Танымдық, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Қар бетіне алақандарын қосып басып, құстың қанаттарын салу. <b>(бейнелеу іс-әрекет )</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Ұшты ұшты»</p> <p>Еркін ойындар. Шанамен сырғанау.</p>	<p>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну дағдысын жетілдіру. Ту бетінде бейнеленген құсқа назар аударту. <b>(қарым қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Қарда құстардың іздерін салу. <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ауа райын бақылату, Құстар неге қыста жаурамайды әңгімелесу. <b>(Танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша қармен ойындар, ұялар құрастыруды жетілдіру. <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды</p>	<p>Жұмбақтарды шешуді меңгерту. Жайнаған бақтың әншісі, Тамсанған оған сан кісі. (Бұлбұл) Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинады да талшықты, Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. (Қарлығаш) Шашы жоқ, тарағы бар, Егіні жоқ, орағы бар. (Қораз) <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Барлық құстарға ортақ қасиет және құстардың айырмашылықтарын</p>	<p>Құстар туралы не білгендерін бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. Аулада ұшып жүрген құстарды танып, бір бірне айту. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Құстарды бақылату. Олардың тіршілігіндегі өзгерістерді сипаттап айтқызу. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b> «ұшты ұшты»</p>

		<p><b>Қимылды ойын</b> «Жапалақтарм мен қарлығаштар»</p> <p>Балалардың еркін әрекеті.</p>	<p>менгерту. <b>Қимылды ойын</b> «Аққу қаздар»</p>	<p>табу. <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b> «поезд»</p> <p>Балалардың бастамасымен еркін әрекеттер.</p>	
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. <b>(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру . <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Әлем халық ертегілерін оқып беру <b>(көркем әрекет)</b></p>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p>				

<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Топтағы қарапайым еңбек әрекетін орындату. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b>  Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарымен әр түрлі құрылымдар құрастыруға мүмкіндік жасау	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын, қандай оюлармен безендірілгенін зерттеуін ұйымдастыру. Құстардың бейнесі бар ма анықтау. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекет )</b> Пакеттермен ағаштарды пайдалану арқылы құстар сияқты ұшу үшін қанат жасату, балалардың шығармашылығын жетілдіру. <b>(шығармашылық іс әрекет)</b>	Кітаптардан құстардың суреттерін көріп, эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> «Қарлығаш» музыка әуенімен таныс дене жаттығуларын әсем және ырғақты орындату. Қимылдардың ырғағын музыка әуенімен үйлестіруді жетілдіру. <b>(музыка)</b>	Табиғи және қалдық материалдардан, қағаздардан құстар бағы тақырыбында шығармашылық жұмыс жасату <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)</b>	Құстың бейнесіне қауырсындарды жапсырту. <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b>  Құрастыру материалдарынан құстарға ұя құрастыру. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Д\о: «Бұл не?» <b>Мақсаты:</b> Заттардың атауларын атау.	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> <b>Мақсаты:</b> Денені жалпы дамытушы жаттығуларды	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> <b>Мақсаты:</b> Денисті дұрыс сөйлеуге, айтуға	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> <b>Мақсаты:</b> Дарияны бір затты топтан бөледі	<b>«Саусақ ойындары»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың қол

		орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдауды, жаттығулардың орындалу ретін сақтай білуге үйрету	ынталандыру.	және топтарға біріктіре алуға үйрету	саусақтары қимылын жетілдіру
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды үйрету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық әуенге үйлестіру. <b>(музыка)</b>  <b>Қимылды ойын</b> «Хан талапай»	<b>Қимылды ойын</b> «Кім жылдам» Балалардың еркін әрекеті.  «Құстарға қамқорлық» тақырыбында әңгімелесу. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Балалардың шығармашылығымен құрылыстар құрастыру <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b>  Ұлттық ойын «Ханталапай» Балалардың еркін ойыны Балалардың еркін әрекеті.	<b>Қимылды ойын</b> «Орамал тастамақ» <b>Спорттық ойын элементтері:</b> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып Лактыруды үйрету.	Ұлттық ойын «Ақсерек көксерек» Балалардың еркін ойыны «Құсшы деген кім?» тақырыбында әңгімелесу. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Апта бойы балалардың қандай іс әрекеттер жасағаны туралы айтып беру. Үйде құстар туралы балалармен әңгімелесу, еңбек әрекетін ұйымдастыруды ұсыну,				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 13.01.2023

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық сыныбы**  
**тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қаңтар айы 2023 жыл 4 апта**

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Стикерлер арқылы көңіл күйлерін көрсете білуін жетілдіру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. <b>(қарым қатынас мәдениеті).</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Көшеде жүру қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу Балармен жеке жұмыстар. <b>(Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)</b>	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату. Балармен жеке жұмыстар. <b>(Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеттер)</b>	Дидактикалық ойындар карточкаларымен жұмыс «Артығын тап», «жетпейтін бөлігін тап» Шығармашылық жұмыстар Балармен жеке жұмыстар. <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)</b>	Үстел үсті ойындары (пазлдар, интеллектум құралдары, шашка ойындары) Кітаптар қарату, әңгімелесу. Балармен жеке жұмыстар. <b>(Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеттер)</b>	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен жұмыстар жасау. Табиғи құрастыру материалдарымен ойындар. Балармен жеке жұмыстар. <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеттер)</b>
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b>				



	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Көліктер жайында біз не білеміз?», «Менің арманымдағы көлік» тақырыбында әңгімелесу. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Көліктер туралы біз не білеміз? Топта қандай көлік түрлері бар. Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; өртүрлі жылдамдықпен – баяу қарқынмен 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; әр қадам сайын допты</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Таныс ертегіні сахналау, рөлдерде кейіпкердің бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшінің жоспары бойынша</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Көліктердің бейнесі бар карточкалар тарату. Берілген көлік түріне сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Көліктердің бейнесі бар карточкалар тарату. Берілген көлік түріне сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру бірнеше заттардан еңбектеп өту; бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Әуе көліктері» туралы шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: Бакылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшінің жоспары бойынша</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Әуе көліктерінің суреттері бойынша сөйлем құрастыру. Алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Машина» тақпағын жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды үйрету</p> <p><b>Математика негіздері</b> Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Апта бойы не үйренгендері туралы еске түсіріп атауын қалыптастыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> алғақарай жүру; өртүрлі жылдамдықпен –</p>

	<p>алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, жүру;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Қуып, жылдам ұста</p> <p><b>Математика негіздері</b> Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды дамыту. Көліктердің дөңгелегі, ұшақтың қанаты және т.б</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуін жетілдіру</p>	<p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b> Балалардың дербес әрекеті. Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру.</p> <p>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете біліп ұшақты мүсіндеуді үйрету</p> <p>Көлік тұрағы тақырыбында ұжымдық жұмыс жасау. Композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру</p> <p>Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p>	<p>теңдікті сақтап жүру; орнында айналу</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Аққу-қаздар Спорттық ойын элементтері: Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып</p> <p>лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Менің арманымдағы көлік тақырыбында әңгімелесу. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Поезд немесе кеме капитаны болып ойнап, бағыттарды анықтауды дамыту.</p>	<p>беру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Балаларды жеңіл көлік, трамвай, автобус аялдмасы» жол жүру белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Ойындар ойнату. Белгіні тану, суретін салуын ұйымдастыру</p>	<p>баяу қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру; кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; орнында айналу</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Мысық пен тышқан</p> <p><u>Спорттық ойын элементтері:</u> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыруды үйрету.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндігін беру. Топтағы көліктер</p>
--	---	--	---	--	---

					тақырыбында өзара әңгімелесуді ұйымдастыру.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	<p>Балабақша ауласында көліктердің қар бетіндегі іздерін анықтау. Ұшақтың кеменің іздері қандай болады? сұрау. Адам іздерімен салыстыруды ұйымдастыру. <b>(танымдық іс әрекеті)</b></p> <p>Қарда дөңгелектер салу. <b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p> <p>Көңілді әнге би билеу. <b>(музыка)</b></p>	<p>Балабақшаның ауласының тазалығын бақылау. Қыс мезгілінде қандай тазалық жұмыстарын жүргізуге болатынын сұрау. Бірлескен әрекеттер жасату. Тазалау көліктерінің түрлерімен таныстыру. <b>(Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды, еркін ойындар <b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-</p>	<p>Ауа райын бақылау, қыста көліктерден неге бу шығады зерттеу. Қардан көліктерге гараж құрастыру <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Қимылды ойын «Арқан тарту»</p> <p>Будың бейнесін қарда салу. <b>(Бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ауа райын бақылау. Желдің бағытын анықтауды үйрету. <b>(Танымдық, іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b> Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып</p> <p>Лақтыруды үйрету.</p> <p>Қимылды ойын «Орамал тастамақ»</p>	<p>Кітаптардан көліктегі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру. Ауладағы тәртіп ережелерін еске түсіріп орындауын бақылау. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекеттері, ойындары Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»</p>

		екіден шанамен сырғанауды меңгерту.			
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> ) Ереже айту. ( <b>сөйлеуді дамыту</b> )				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. ( <b>музыка</b> )				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және</b>	Көліктерді қиып жапсыру. Топтағы көліктермен салыстыру.	<b>Машина</b> Машинамын - көлікпін, Мамандарға көнітім.	Суда жүзетін көлік түрлерін кітаптан қарап танысу. Су көліктеріне мініп	Әуежайдағы ұшақтар ұжымдық жапсыру жұмысын жасату. <b>(шығармашылық</b>	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған

<p>тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>(Танымдық іс-әрекеті)</b>  Көлік дөңгелектерінің мүсінін ермексаздан жасау  <b>(Шығармашылық іс-әрекеті)</b>  Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балаларға мазмұндауды үйрету.  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді.  <i>Ә.Табылдиев</i>  Тақпағын жаттату.  <b>(Танымдық іс-әрекеті)</b>  Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау  Адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу)жайлы әңгімелер тыңдату.  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>көрді ме? Кәдімгі көліктен айырмашылығы қандай? Ортақ белгілері бар ма? Зерттеу. Сурет немесе мүсін арқылы өз ойын жеткізуін үйрету.  <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>іс-әрекет)</b>  Кітаптардан ұшақтарды қарау, оларға арнап конструкторлардан тұрақ жасату.  <b>(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)</b></p>	<p>сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау  <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>  Топтағы, үйдегі ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойларын айтқызу.  <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>Қ/О:</b> «қайсысы жылдам қозғалады»  <b>М:</b>көлік аттарын, не үшін керек екенін айта білуге үйрету. Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Денисқа</b> бір-бірден шеңберге қайта тұруға, саптағы өз орнын табуға жаттықтыру</p>	<p>Денисқа қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға 2-3 сөйлеммен өз ойын жеткізе білуге көмек беру</p>	<p>Дарияға екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша Беттестіру және тұстастыру</p>	<p><b>Д/О:</b> «Кім зейінді»  <b>М:</b>белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі көлік түрлерін құрастыру.пішіндер туралы білімдерін бекіту.</p>

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»  Көңілді музыкаға би билету. <b>(музыка)</b> Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Поезд»  Балалардың еркін ойындары  Қардан көліктің дөңгелегін жасату.	Қимылды ойын «Кетті кетті»  Балалардың еркін ойындары  Қағаздан кеме жасату, суға жүздірту және қардың бетіне қойып көру	Қимылды ойын «Ақ серек көк серек»  Қардан ұялар жасату.	Қимылды ойындар «Түйілген орамал»  Балалардың еркін ойындары  Қарды мүсіндеуге арналған пішіндерге салып әр түрлі заттар жасату.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Үйде көліктер туралы мультфильм көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 20.01.2023

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**КЕЛІСЕМІН**  
**мектепке дейінгі оқыту**  
**ӘБ жетекшісі**  
 \_\_\_\_\_ **К. Хуанган**  
 « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **20** жыл

**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық тобының**  
**тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Ақпан айы 2023 жыл 1 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 30.01.2023</b>	<b>Сейсенбі 31.01.2023</b>	<b>Сәрсенбі 01.02.2023</b>	<b>Бейсенбі 02.02.2023</b>	<b>Жұма 03.02.2023</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау ( <b>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет</b> )				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ақпан айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу ( <b>танымдық, еңбек іс-әрекеттері</b> )  Кітаптарды қарау, назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына	«Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. ( <b>танымдық іс-әрекеттер</b> )  Дидактикалық ойындар	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту ( <b>бейнелеу іс-әрекеті</b> ) Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. ( <b>Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет</b> )	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауы.  Балалармен жеке жұмыс жүргізу. ( <b>танымдық, зерттеу іс-әрекеттері</b> )  Таңдауы бойынша жануарлар бейнеленген ойындармен ойнауы (пазлдар, роботехника құралдары, шашка,	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) ( <b>танымдық іс-әрекет</b> )  Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс жасау.

	аудару. ( <b>Қарым-қатынас іс-әрекеті</b> )			бестемше).  Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату Балалармен жеке жұмыс. <b>(танымдық іс-әрекет)</b>	
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Ақпан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді дамыту. <b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілідіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b> ) Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. <b>(танымдық іс әрекет)</b> Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілідіру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. ( <b>Қарым-қатынас іс-әрекеті</b> ) Балалардан бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Техника дегеніміз не? Қандай техниканы қолдана алады? Техника туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Көркем әдебиет</b> «Менің ұялы	<b>Сауат ашу негіздері</b> Карточкалармен	<b>Сөйлеуді дамыту</b> Топтағы	<b>Көркем әдебиет</b> Қонаққа электр ұстасы



	<p>«Қызықты құрылымдар»</p> <p>Дидактикалық ойын Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы).</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру.</p> <p>уа-уа-уа Қандай таза ауа!</p> <p>ау-ау-ау Болсын денің сау!</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; әртүрлі жылдамдықпен жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру; бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру арақашықтығы 40</p>	<p>телефоным» тақырыбында баланың басқа құрдастарымен әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p><b>Музыка</b> Жетекшісінің жоспары бойына.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b> Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Ұжымдық композиция.</p>	<p>жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; кедергілерден өту арқылы 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру; оңға, солға бұрылу.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Алшы ойыны Спорттық ойын</p>	<p>ойыншықтарды топтастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Жетекшісінің жоспары бойынша</b></p> <p>"Комбайншы боламын" Мақсат-міндеттер: балаларды комбайншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Техника құралдарының суреттерімен жұмыс жүргізе айтылған сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.</p>	<p>келеді. Өзінің техникамен жұмыстағы қауіпсіздігі туралы айтып береді. Балалар ересектермен әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> «Бір» сөзінің мағынасы. 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; әртүрлі</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>сантиметр; оңға, солға бұрылу.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Асық ойыны</p> <p><b>Математика негіздері</b> «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Топтағы әр түрлі ойыншық түрлерінен жиын жасату. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды бақылау.</p>	<p>Үйдегі техника құралдары</p>	<p><u>элементтері:</u> Баскетбол элементтерін үйрету. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Жаңылтпаштар жаттату. Қаһарлы айдаһар Шаһарға келіп, Қаһарланар.</p> <p>Доп теп, Дөп теп.</p> <p>Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар</p> <p><b>Математика негіздері</b> 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру.</p>	<p>Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту. Үйде қандай техника құралдарын қолданатынын айтып беруін ұсыну.</p>	<p>жылдамдықпен жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру; бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру арақашықтықтығы 40 сантиметр; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2метр) басынан асыра лақтыру;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Алтыатар ойыны</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p>
--	---	---------------------------------	---	--	---

			«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.		
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау <b>(Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> . Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.				
<b>Серуен</b>	Ауа райын бақылау. Айналдырғыштарды алып шығып желдің бағытын анықтау. Құстарға жем беру. Іздерді бақылау. <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b>  Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»  Балалардың қалауы бойынша қарда сурет салу.	<b>Спорттық жаттығулар:</b> Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналуды үйрету.  Қимылды ойын «Үшты үшты»  Қар мен мұздың айырмашылығын бақылату. <b>(танымдық іс-</b>	Қар мен мұз қалай ериді? Картотека №4 <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b>  <b>Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасау. (Музыка)</b>  Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»	Өлі және тірі табиғат нысандарын табу. Олардың не үшін олай аталатынын зерттеу. <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b>  <b>Қимылды ойын</b> Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу «Мәрейге кім бұрын жетеді?» жарыс ойынын ояту  Ұнайтын тақпағын	Мен қандай техника немесе құрал ойлап табамын тақырыбында әңгімелесу. Құрастыру ойыншықтарынан құрастырып макетін жасату. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b>  Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»  Қарда еркін тақырыпта суреттер салу. <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b>

		әрекет)		қайталап жаттату. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>  Мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.	
<b>Серуеннен оралу</b>	Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки,сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. Суреттерді қарау: "Балалар қолдарын жуады". Олар бойынша әңгіме. <b>(көркем әрекет, дербес, еңбек әрекеті)</b> .				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу,дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , тамақтану кезінде сөйлеспеу, алғыс айту) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка қою, әлем ертегілерін оқып беру. <b>(көркем әдебиет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар) Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.				

	<p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>.</p>				
<b>Бесін ас</b>	<p>Кезекшілердің жұмысын ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру.</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітаптардан техника құралдарымен таныстыру.</p> <p><b>Жұмбақтар жасыру</b></p> <p>Арқырап бұлағы, Гүрілдеп тұрады. Сырты – жаз, іші – қыс, Кеппейді қырауы. (Тоңазытқыш)</p> <p>Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон)</p> <p>Токқа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып. (Үтік)</p>	<p>Дидактикалық ойын «Сымсыз телефон» Балаларға техника жайында мультфильм көрсету. Балалардан үй тұрмысында қандай техникалар бар екенін сұрау. Осындай техниканың бірі кір жуғыш машинаны мүсіндеудің үлгісін көрсету. Балаларды жеке жұмыс жасауға бөлу.</p> <p><b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексазбен қардан ,мұздан жасалатын мүсінді жасату.</p> <p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер, қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p> <p><b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Лего құрастыру бөлшектері арқылы техника құралдарын</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>«Ұр топқақ»ертегісін естеріне түсіру. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету.</p> <p><b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу</p>

	<p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп техника құралдарының суретін салу немесе мүсінін жасату.</p> <p><b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>		<p>құрастыру, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу</p> <p><b>(танымдық іс-әрекеті)</b></p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Ойыншықпен ойнайтын ойындар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ойыншықпен ойнайтын ойындармен таныстыру. Қалай ойнауды түсіндіру. Асхана ойыны.</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдауды, жаттығулардың орындалу ретін сақтай білуге үйрету</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b> Денис аен Аялаға Дұрыс сөйлеуге, айтуға ынталандыру.</p>	<p>Денис пен Дарияға Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алуға үйрету</p>	<p>«Саусақ ойындары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың қол саусақтары қимылын жетілдіру</p>
Серуенге дайындық	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Қимылды ойын «<i>Соқыр теке</i>»</p> <p>Балалардың дербес ойындары</p> <p>Телефоннан көңілді музыка қойып би билеу. <b>(музыка)</b></p>	<p>Қимылды ойын «<i>Тақия тастамақ</i>»</p> <p>Балалардың дербес ойындары</p> <p>Қар бетіндегі іздерді бақылау.</p> <p><b>(танымдық іс-</b></p>	<p>«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»</p> <p>Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау.</p> <p><b>(танымдық, еңбек іс-әрекет)</b></p> <p>Қимылды ойын «Омпы»</p>	<p>Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»</p> <p>Қимылды ойын «Атбақыл»</p>

		әрекеті)	Қимылды ойын « <i>Күш сынаспақ</i> »		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналар баланың үйдегі техника құралдарының қызметі туралы не білетінін сұрауды ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: \_\_\_\_\_

Тексерілген күні: 28.01.2023

Циклограмманы тексерген әдіскер: \_\_\_\_\_

**«Айгөлек» шағын орталығы мектепалды даярлық тобының  
тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы  
Ақпан айы 2023 жыл 2 апта**

<b>Күн тәртібінің кезеңдері</b>	<b>Дүйсенбі 06.02.2023</b>	<b>Сейсенбі 07.02.2023</b>	<b>Сәрсенбі 08.02.2023</b>	<b>Бейсенбі 09.02.2023</b>	<b>Жұма 10.02.2023</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады- бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) <b>Балалармен жеке жұмыс.</b> Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. <b>(танымдық іс әрекет)</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарау. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) <b>(танымдық іс әрекет)</b>	Жеке ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)</b>  Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді суреттер арқылы үйрету <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. <b>(көркем әдебиет)</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. <b>Балалармен жеке жұмыс.</b>	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b>



<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p>Ақпан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындау (<b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b>). <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b>. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті</b>) Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Шаттық шеңбер Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Құрметтеп біз сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Жақсы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бұл мезгілде қандай айлар бар? Жылда неше мезгіл бар? Қыстың айларын атаңдар? Қыстың ерекшеліктерін еске түсірейік? Алда келе жатқан қандай мезгіл? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (<b>сөйлеуді дамыту</b>)</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Суреттер мен ойыншықтарды сәйкестендіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануды үйрету.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу «Туған жердей жер болмас туған елдей ел болмас». Тиым сөздер «Желге қарап</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Терезеге қарап ауа райына байланысты әңгімелесу. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды дамыту. Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Сиқырлы сандықты ашып ішінен әр түрлі заттарды алып балаларға таратып беру. Балалардан не зат екенін сұрау. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Бүгінгі күннің ерекшелігі неде? Балалардың жеке пікірлерін тыңдау. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын</p>

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөлісуді, жақсы тілектер тілеуді жасату. «Балабақшамызды қалай жақсы көреміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді пысықтау. Балалардың қалауы бойынша суреттер арқылы сөйлем жасауды естеріне түсіру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; жүрумен алмастыра отырып жүгіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналып тепе-теңдікті сақтап жүру; сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. <u>Қимылды ойын:</u> Мүсін болып тұр</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Балалардан қандай ертегіні ұантатындарын сұрау. Таңдаулары бірдей болған балаларды бөліп, ертегілерді бірге сахналауын ұйымдастыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу</p> <p><b>Музыка</b> Пән жетекшісінің жоспары бойынша</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Жыл бойына үйренгендерін қайталату. Не білетіндерін айтқызу. Дәптерлерінде салған суреттерімен жазуларын талқылау.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b> Жыл бойы жасаған жұмыстарын қарату. Естеліктерді естеріне түсіру. Қалаулары</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Жыл бойына жазып үйренгендерін тақтада бормен жазып көрсетуді ұйымдастыру. Өз дәптерлеріне баға қойып өздерін мақтауын ұйымдастыру</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; жүрумен алмастыра отырып жүгіру; кедергілер арасынан еңбектеу; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру; допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; <u>Қимылды ойын:</u> Орындарына жылдам жет <u>Спорттық ойын элементтері:</u> Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты</p>		
--	---	---	--	--	--

	<p><b>Математика негіздері</b>  Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды үйрету, қалыптастыру.  Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту ережелерін орындауын пысықтау. Балалардың балабақшаны аяқтап мектепке барарда қауіпсіздікті сақтауды атып түсіндіру.</p>	<p>бойынша ұнаған шығармашылық жұмысымен айналысуын ұйымдастыру.</p>	<p>оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p> <p><b>Қазақ тілі</b>  Жыл бойына өтілгендерді суреттер арқылы естеріне түсіру. Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p><b>Математика негіздері</b>  Жыл бойына үйренгендерін естеріне түсіріп қайталату. Дәптерлеріне жазғандарын қайталап қарап, өздерін бағалауды ұсыну.</p>		
--	--	--	---	--	--

<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, серуенге алып шығатын кітаптар мен заттарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру ( <b>сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ).				
<b>Серуен</b>	Балабақша мен мектептің айырмашылығы мен ұқсастықтары туралы зерттеу жүргізуіне жағдай жасау. Мектепке қонаққа бару. <b>(танымдық іс әрекеті)</b>  Қимылды ойын «Арқан тарту»	Балабақшаның ауласының тазалығын бақылату. Өздеріне ойын алаңында тазалық жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру  Балабақша ауласына ата аналармен бірлесіп отырғызған ағаш немесе гүлге белгі қойып, естелік жазуын жазғызып қалдырту. <b>(Танымдық, зерттеу, қарым қатынас іс-әрекеті)</b>  Көңілді музыка қойып, денелерін шынықтыру. <b>(музыка)</b>  Қимылды, еркін ойындар	Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды ұғындыру (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Осы ережелерді мектепке барғанда қатаң түрде сақтауын талап ету. <b>(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b>  Қимылды ойын «Арқан тарту»  <b>Спорттық жаттығулар:</b> Самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.		
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта				

	киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. <b>(көркем әдебиет , дербес ойын әрекеті).</b>			
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> Ереже айту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.			
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру <b>(көркем әдебиет )</b>			
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b>			
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b> Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, белсенді қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.			
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,</b>	Қағазға алақандарын қойып сызу, оны қиып алу. Әдемілеп бояту. Барлық баланың атын жазып альбомның әр	Балабақшамен қоштасуда айтқан тақпақтары мен әндерін естеріне	Жазғы демалыс кезінде үйде ата анамызға қалай көмектесеміз, қауіпсіздікті қалай сақтаймыз таныстыру.	

<p><b>кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>бетіне естелік етіп жапысырту. Әр бір қолтаңбаға баланың балабақшадағы кезіндегі естен кетпес сәті туралы жазба қалдырту және еркелетіп достары оны қалай атады жазып қойғызу. Сендер үлкен болып, мектепті бітірген кездерінде келіп озы жазбаларыңды оқып еске аласыңдар деп түсіндіру. <b>(Танымдық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Олардың сюжеттік бірізділігін сақтай отырып, мазмұндауын балаларға үйрету. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>түсірту. Балабақшада болған кездеріндегі суреттерді қарату. Қандай ертегілерді сахналағандарын естеріне түсіргізу. <b>(Танымдық, қарым қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Жыл бойына үйренген дағдыларды жаз мезгілінде қалай қайталау керіктерін түсіндіру. Балаларға сыйға кітаптар беру. «Біздің сүйікті бақшамыз» тақырыбында ұжымдық сурет салғызу <b>(Танымдық, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Еранрмен әңгіме жүргізу <b>«Менің көшем»</b></p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты:</b> Әр түрлі сызықтарды</p>			

	Балабақшаға немен келдің? Көшеде өзінді қалай ұстадың? Көшеде не көрдің? Көшеде бағдаршамнан қалай өттің?	салу: тік, көлденеңді орындауға биімделді			
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
<b>Серуен</b>	Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»  Көңілді музыкаға би билету. <b>(музыка)</b> Балалардың еркін ойындары	Қимылды ойын «Бүрге»  Балалардың еркін ойындары  Құмда таяқшамен еркін тақырыпта суреттерді салғызу.	Қимылды ойын «Кетті кетті»  Балалардың еркін ойындары  Бормен өздері отырғызған гүл мен ағаштардың суретін салғызу.		
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Үйде бірге мультфильм көруді ұсыну Апталық жұмыстан не ұнағанын сұрау.				





## ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР

### Қыркүйек айы (1-кешен – 1-15 жұлдызы)

1. Тізбекте қатарымен тұру және жүру. Аяқ ұшымен жүру, қолды белге ұстау. 2. Жеңіл аяқ ұшымен жүгіру. 3. Жүру және звеноға бөлініп тұру.
4. Б.Қ. қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, жоғары көтеру, аяқ ұшымен тұру, қолды жанда ұстау, б.қ. 7-8 рет қ.
5. Б.Қ. қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ ашып тұру, кеудені оң жаққа бұру, қолды екі жанда ұстау, б.қ. келу, сол жақта қайталау 8 рет.
6. Б.қ. қолды төмен түсіріп, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, оң аяққа еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу, б.қ. келу, сол жақта қайталау.
7. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып, қолды белге қойып тұру, Қолды алға созып отыру, тұру, б.қ. келу, 6-8 рет қ.
8. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, оң аяқты жанға, қолды жанға ұстау, оң қолды төмен түсіру, сол қолды жоғары көтеру, екі қолды да жанға ұстау, оң аяқты қосып, б.қ. келу, сол жақта қайталау 8 рет.
9. Б.қ. аяқ ұшын ашып, өкшені қосып қолды белде ұстап тұру. Оң аяқты алға созып, аяқ ұшын қою жанға, артқа созу, б.қ. келу, сол жақта қайталау 6-8 рет.
10. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, секіріп аяқ арасын ашу, қолды жанға ұстау секіріп аяқ арасын қосу, б.қ. келу, 6-8 рет. 11. Колоннада бір қатармен жүру.

## ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

### Арқан тарту

Ойынға қажетті құрал: екі тұзақталып байланған ұзындығы 7-8метр жіп немесе арқан.

**Ойынның тәртібі:** ойыншылар қарама-қарсы жаққа қарап жүрелеп отырады да, арқанның байланған ұшын мойнына салып, екі қолтықтың астынан өткізеді. Төрешінің белгісі бойынша әр ойыншы қарсыласын өз жағына қарай тартуға тырысады. Белгілі межеге қарсыласын кім бұрын тартып жеткізсе, сол ұтқан болады

### Асық ойыны

Негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жаздықүні тақыр жерге ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Асық ойынының ұштабан және алты атар деп аталатын өте кең тараған түрлері болған. Ұштабан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір-бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үш табаннан артықтау жерге жіберу керек. Үш табаннан кем, не болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі

ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

### **Белбеу тастау**

Көбіне ер балалар ойнайтын ойын. Далада, ашық алаңқайда немесе кең бөлмеде ойнауға болады. Қатысушылар саны шектелмейді.

**Ойынның шарты:** ойын ойнаушылар шеңбер құрай дөңгелене отырады. Ойын бастаушы ортаға біреуді шақырады. Ойынға алдын-ала белбеу не есілген сүлгі даярланады. Артына қолын жасырған ойыншылар белбеуді бірінен соң біріне өткізе бастайды.

Сөйтіп, белбеу әр бағытта қолдан қолға өтеді. Мұның өзі ортада тұрған кісінің зейінін басқаға аудару мақсатында жасалады. Ыңғайы келген сәтте ойнаушылардың бірі ортадағы кісінің арқасынан ұрып қалып, белбеуді көрсетпей басқа біреуге бере қоюы тиіс. Егер ортадағы ойыншы белбеуді қағып қалса, екі ойыншы алмасады, ал ұстай алмай қалса ойын әрі қарай жалғаса береді.

### **Кетті-кетті**

Ойынға қатысушылар санына шек қойылмайды. Ойын қыста үйде, жазда таза ауада ойналады. Ойын қажетіне орамал, қолғап, басқа да ұсақ бұйымдар жарай береді.

Ойын шарты: Ойыншылар тізесін сәл көтеріп бір-біріне жақын айнала отырады. Бастаушының белгісі бойынша ойнаушының бірі орамалды көрсетпей екінші біреуіне береді. Ойын осылай жалғаса береді. Ойнаушылардың сырт жағында ескен сүлгі не жіп ұстап тұрған кісіге орамал көрінбеуі тиіс. Оның зейінін басқа нәрсеге аударып, жаңылдыру үшін ойыншылар «әне кетті, міне кетті» деп шуылдап отырады. Егер ойын жүргізуші орамалды ұстаған адамды дер кезінде байқап, оны ұрып қалса, екеуі орын алмасады. Ал, егер қателессе ойыннан шығып қалады немесе бастаушының яки кез келген ойын мүшесінің тілегін орындайтын болады.

### **Орамал тастау**

Ойын шарты: ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, арақашықтығы 5-15 метрдей жерге барып, бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойынның әділ қазысы келген жақтың ойыншысының біріне орамал (әлде сүлгі) ұсынады. Ол өз кезегінде екінші топтағы ойыншылар жаққа барып, орамалды елеусіздеу етіп, бір ойыншының аяғына тастауға тырысады.

Сөйтеді де өзі дереу орнына жетуге асығады. Аяқ астына орамал (сүлгі) тасталған кісі, сол бойда ананы қуып жетіп, орамалмен ұруға тырысады. Сүлгі тастаған ойыншыны ұрып үлгерсе, оны өз тобына әкеліп қосады. Үлгіре алмаса өзі сол жақта қалып қояды.

### **«Не жедім, тауып ал»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.

Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.

Көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

### **«Хан талапай»**

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

### **Ақсерек-көксерек.**

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

### **Қыз –қуу**

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

### **Түйілген орамал.**

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

### **Сақина жасыру**

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

## **ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР**

### **Қазан (1-кешен)**

1. Колоннада бір қатармен жүру, басып жүру, кібіртіктеп жүру.
2. Жеңіл жүру, Аяқ ұшымен жүгіру. Шашырап жүгіру.
3. Звеноға бөліну.
4. Б.қ, қолына жанын түсіріп тұру, қолды алға-артқа төрбеу, 4-5 р.к, төрбеген соң қолды жанынан жоғары көтеру, қол ұшына қарау. Қолды жайлап түсіру, б.қ. келу. 6-8 р.к.

5. Б.қ. қолды жанда түсіріп тұру, аяқ арасын ашып ұстау. Алға еңкею, қолды оңға-солға сермеп тербету, тік тұру, б.қ. келу 6-8 р.қ.
6. Б.қ. аяқ арасын ашып тұру, қолды кеуде тұста ұстау, он жаққа иілу, сол қолды шынтақтан бүгіп төмен түсіру, б.қ.ю келу. Сол жаққа иілу 6-8 р.қ.
7. Б.қ. аяқ арасын сәл ашып тұру, қолды төмен түсіру, тұру, қолды алға созу. Оң аяқты оң қолға, сол аяқты сол қолға тигізу, б.қ. келу 6-8 рет қайталау.
8. Б.қ. шалқасынан жату, аяқты созып жату, қол жанда, аяқты жоғары көтеру, тізені бүгіп, велосипед айдап келеміз деп аяқты қимылдату, б.қ. келу 6-8 рет.
9. Б.қ. қолды белде ұстау, аяқты қосып тұру, доптар секіруде екі аяқпен бір орында тұрып секектеу.
10. Колоннада бір қатармен жүру.

### Қазан (2-кешен)

1. Тізбекте бір қатармен тұру, жүру, шашырап жүгіру.
2. Жүру, звеноға бөліну.
3. Б.қ. қолды жанына түсіріп тұру, аяқ арасын сәл ашып тұру, қолды жанынан жоғары көтеру, керілу, б.қ. келу 6-8 р.қ.
4. Б.қ. аяқ арасын сәл ашып, қолды түсіріп тұру, «Маятник» кеудені кезектестіріп солға, оңға иілу, әр жанға 3-4 р.қ.
5. Б.қ. аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолдың саусақтарын айкастырып, бастан жоғары ұстау. «Ағаш жару» – жылдам алға еңкею, қолды алға, төмен сермеу, б.қ. келу. 6-8 рет қ.
6. Б.қ. еденде тізені бүгіп отыру, қолды артқа тіреп отыру, аяқты алға созу, жоғары көтеру, түсіріп алға созу, б.қ. келу, 6-8 рет қайталау.
7. Бір орында тұрып немесе шашырап секіру.
8. Жұптасып жүру.

## ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

### Арқан тарту

Ойынға қажетті құрал: екі тұзақталып байланған ұзындығы 7-8метр жіп немесе арқан.

**Ойынның тәртібі:** ойыншылар қарама-қарсы жаққа қарап жүрелеп отырады да, арқанның байланған ұшын мойнына салып, екі қолтықтың астынан өткізеді. Төрешінің белгісі бойынша әр ойыншы қарсыласын өз жағына қарай тартуға тырысады. Белгілі межеге қарсыласын кім бұрын тартып жеткізсе, сол ұтқан болады

### Асық ойыны

Негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жаздықүні тақыр жерге ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Асық ойынының ұштабан және алты атар деп аталатын өте кең тараған түрлері болған. Ұштабан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір-бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үш табаннан артықтау жерге жіберу керек. Үш табаннан кем, не болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі

ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

#### **Белбеу тастау**

Көбіне ер балалар ойнайтын ойын. Далада, ашық алаңқайда немесе кең бөлмеде ойнауға болады. Қатысушылар саны шектелмейді.

**Ойынның шарты:** ойын ойнаушылар шеңбер құрай дөңгелене отырады. Ойын бастаушы ортаға біреуді шақырады. Ойынға алдын-ала белбеу не есілген сүлгі даярланады. Артына қолын жасырған ойыншылар белбеуді бірінен соң біріне өткізе бастайды.

Сөйтіп, белбеу әр бағытта қолдан қолға өтеді. Мұның өзі ортада тұрған кісінің зейінін басқаға аудару мақсатында жасалады. Ыңғайы келген сәтте ойнаушылардың бірі ортадағы кісінің арқасынан ұрып қалып, белбеуді көрсетпей басқа біреуге бере қоюы тиіс. Егер ортадағы ойыншы белбеуді қағып қалса, екі ойыншы алмасады, ал ұстай алмай қалса ойын әрі қарай жалғаса береді.

#### **Кетті-кетті**

Ойынға қатысушылар санына шек қойылмайды. Ойын қыста үйде, жазда таза ауада ойналады. Ойын қажетіне орамал, қолғап, басқа да ұсақ бұйымдар жарай береді.

Ойын шарты: Ойыншылар тізесін сәл көтеріп бір-біріне жақын айнала отырады. Бастаушының белгісі бойынша ойнаушының бірі орамалды көрсетпей екінші біреуіне береді. Ойын осылай жалғаса береді. Ойнаушылардың сырт жағында ескен сүлгі не жіп ұстап тұрған кісіге орамал көрінбеуі тиіс. Оның зейінін басқа нәрсеге аударып, жаңылдыру үшін ойыншылар «әне кетті, міне кетті» деп шуылдап отырады. Егер ойын жүргізуші орамалды ұстаған адамды дер кезінде байқап, оны ұрып қалса, екеуі орын алмасады. Ал, егер қателессе ойыннан шығып қалады немесе бастаушының яки кез келген ойын мүшесінің тілегін орындайтын болады.

#### **Орамал тастау**

Ойын шарты: ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, арақашықтығы 5-15 метрдей жерге барып, бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойынның әділ қазысы келген жақтың ойыншысының біріне орамал (әлде сүлгі) ұсынады. Ол өз кезегінде екінші топтағы ойыншылар жаққа барып, орамалды елеусіздеу етіп, бір ойыншының аяғына тастауға тырысады.

Сөйтесі де өзі дереу орнына жетуге асығады. Аяқ астына орамал (сүлгі) тасталған кісі, сол бойда ананы қуып жетіп, орамалмен ұруға тырысады. Сүлгі тастаған ойыншыны ұрып үлгерсе, оны өз тобына әкеліп қосады. Үлгіре алмаса өзі сол жақта қалып қояды.

#### **«Не жедім, тауып ал»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.

Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.

Көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

#### **«Хан талапай»**

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

#### **Ақсерек-көксерек.**

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

### **Қыз –қуу**

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

### **Түйілген орамал.**

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

### **Сақина жасыру**

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

## **ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР**

### **Қараша (1-кешен)**

1. Колоннада бір қатармен жүру және жүгіру.
2. Звеноға бөлініп тұру.
3. Б.қ. аяқ арасын сәл ашып тұру, қолды жанға түсіріп тұру, оң қолда доп. Оң қолды жоғары көтеру, сол қолды жоғары көтеру, допты оңнан солға, сол қолдан оң қолға ауыстырып, б.қ. келу 6-8 р.қ.

4. Б.қ.аяқты қосып қолды төмен түсіріп тұру. Оң аяқты жанға қою, оңға бұрылу, допты оң жақ еденге ұрып, қос қолмен қағып алу, б.қ. оралу, сол жақта орындау 6-8 р.қ.

5. Б.қ. арасы ашық доп оң қолда. Алға-төмен еңкею, оң қолдағы допты сол қолға, сол аяқ артымен беру. Б.қ. келу, сол келесі жақта қайталау 6-8 рет.

6. Аяқты алшақ ашып тұру, доп оң қолда, отыру допты жерге ұрып қағып алу, тұру, б.қ. келу. Сол жақта қайталау 6-8 рет.қ.

7. Б.қ. тізерлеп өкше үстіне отыру, доп оң қолда, оңға еңкею допты өзінен түзу домалату, б.қ. келу, сол жақта қайталау 4 рет.

8. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып допты жерге қойып тұру. Доп жанында, қос аяқтап секіру.

9. Жүру, жүгіру.

### Қараша (2-кешен)

1. Бір тізбекте жүру, аяқ ұшымен өкшемен аяқтың іші қырымен жүру.

2. Тізені жоғары көтеріп жүгіру.

3. Звеноға бөлініп тұру.

4. Б.қ. өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды белге ұстау, оңға қарай бір қадым жасау, қолды жанынан жоғары көтеру, б.қ. келу, осылай сол жақта қайталау, әр жақта 3-4 р.қ.

5. Б.қ. аяқ арасын алшақ ұстап қолды белде ұстап тұру.

6. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды белде ұстау, отыру, қолды алда ұстау, б.қ. келу, 6-8 р.қ.

7. Б.қ. аяқты қосып отыру, қолды артта ұстап тіреп отыру.

8. Б.қ. тізерлеп қолды белден ұстап тұру, кеудені бұру, оң қолмен сол өкшені ұстау, б.қ. келу, келесі жақта қайталау 3-4 рет.

9. Б.қ. шалқасынан жату, қолды бастан жоғары ұстау, оң аяқты көтеру аяқ ұшын тигізу сол жақта қайталау, 8 рет.

10. Б.қ. қолды белде ұстап тұру. Бір аяқпен секіру екі аяқты алмастырып секіру, қос аяқтап секіру.

### ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

#### Арқан тарту

Ойынға қажетті құрал: екі тұзақталып байланған ұзындығы 7-8метр жіп немесе арқан.

**Ойынның тәртібі:** ойыншылар қарама-қарсы жаққа қарап жүрелеп отырады да, арқанның байланған ұшын мойнына салып, екі қолтықтың астынан өткізеді. Төрешінің белгісі бойынша әр ойыншы қарсыласын өз жағына қарай тартуға тырысады. Белгілі межеге қарсыласын кім бұрын тартып жеткізсе, сол ұтқан болады

#### Асық ойыны

Негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жаздыкүні тақыр жерге ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Асық ойынының ұштабан және алты атар деп аталатын өте кең тараған түрлері болған. Ұштабан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір-бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үш табаннан артықтау жерге жіберу керек. Үш табаннан кем, не болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі



ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

### **Белбеу тастау**

Көбіне ер балалар ойнайтын ойын. Далада, ашық алаңқайда немесе кең бөлмеде ойнауға болады. Қатысушылар саны шектелмейді.

**Ойынның шарты:** ойын ойнаушылар шеңбер құрай дөңгелене отырады. Ойын бастаушы ортаға біреуді шақырады. Ойынға алдын-ала белбеу не есілген сүлгі даярланады. Артына қолын жасырған ойыншылар белбеуді бірінен соң біріне өткізе бастайды.

Сөйтіп, белбеу әр бағытта қолдан қолға өтеді. Мұның өзі ортада тұрған кісінің зейінін басқаға аудару мақсатында жасалады. Біңғ айы келген сәтте ойнаушылардың бірі ортадағы кісінің арқасынан ұрып қалып, белбеуді көрсетпей басқа біреуге бере қоюы тиіс. Егер ортадағы ойыншы белбеуді қағып қалса, екі ойыншы алмасады, ал ұстай алмай қалса ойын әрі қарай жалғаса береді.

### **Кетті-кетті**

Ойынға қатысушылар санына шек қойылмайды. Ойын қыста үйде, жазда таза ауада ойналады. Ойын қажетіне орамал, қолғап, басқа да ұсақ бұйымдар жарай береді.

Ойын шарты: Ойыншылар тізесін сәл көтеріп бір-біріне жақын айнала отырады. Бастаушының белгісі бойынша ойнаушының бірі орамалды көрсетпей екінші біреуіне береді. Ойын осылай жалғаса береді. Ойнаушылардың сырт жағында ескен сүлгі не жіп ұстап тұрған кісіге орамал көрінбеуі тиіс. Оның зейінін басқа нәрсеге аударып, жаңылдыру үшін ойыншылар «әне кетті, міне кетті» деп шуылдап отырады. Егер ойын жүргізуші орамалды ұстаған адамды дер кезінде байқап, оны ұрып қалса, екеуі орын алмасады. Ал, егер қателессе ойыннан шығып қалады немесе бастаушының яки кез келген ойын мүшесінің тілегін орындайтын болады.

### **Орамал тастау**

Ойын шарты: ойынға қатысушылар екі топқа бөлініп, арақашықтығы 5-15 метрдей жерге барып, бір-біріне қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойынның әділ қазысы келген жақтың ойыншысының біріне орамал (әлде сүлгі) ұсынады. Ол өз кезегінде екінші топтағы ойыншылар жаққа барып, орамалды елеусіздеу етіп, бір ойыншының аяғына тастауға тырысады.

Сөйтеді де өзі дереу орнына жетуге асығады. Аяқ астына орамал (сүлгі) тасталған кісі, сол бойда ананы қуып жетіп, орамалмен ұруға тырысады. Сүлгі тастаған ойыншыны ұрып үлгерсе, оны өз тобына әкеліп қосады. Үлгіре алмаса өзі сол жақта қалып қояды.

### **«Не жедім, тауып ал»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.

Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.

Көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

### **«Хан талапай»**

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

### **Ақсерек-көксерек.**

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

### **Қыз –қуу**

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

### **Түйілген орамал.**

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

### **Сақина жасыру**

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

### **Аюлар мен аралар**

Ойнаушылар тең емес екі топқа бөлінеді. Біреулері (шамамен балалардың үштен бірі) – аюлар, қалғандары – аралар болады. Мұнарадан 3-5м қашықтықта орман сызықпен қоршалыады, ал 8-10м қашықтықта қарама-қарсы жақта – шабындық. Аралар мұнараға немесе гимнастикалық қабырғаға (араның ұясына) орналасады. Тәрбиешінің белгісі бойынша аралар шабындыққа бал жеуге ұшып барып, ызылдайды. Барлық аралар ұшып кетісімен, аюлар мұнараға – ара ұясына шығып бал жеп рахаттанады. Тәрбиешінің «Аралар ұшып» деген белгісі бойынша орманға қашып үлгере алмаған аюларды (оларға қолын созып жеткізіп) шағады. Содан соң аралар мұнараға қайта оралады, ойын қайталаыады. Денесін шағып алған аю бал жеуге бір рет шықпай қояды. Ойын 2-3 рет өткізілгеннен соң, балалар рөлдерімен ауыстырылады. Тәрбиеші мұнараның (гимнастикалық қабырғаның) жанында болуға тиіс, қажет болған жағдайда ойнаушыларға көмек көрсеткен жөн.

### Соқыр қойшы

Алаңның бір жағында гимнастика орындықтың немесе текшеленген жіңішке тақтайшаның көмегімен қой қора қоршалады.

Ойнаушылардың ішінен қойшы таңдалып алынады. Қалғандары – қойлар. Қойшының көзін байлайды. Ол қой қорадан қашық емес жерде тұрады да: «Қойшы, қойшы, маған қанша қадым бересің?» деп сұрайды.

Қойшы әрқашан қандай болса да (10-ға дейін) бір санды айтады. Қой сондай санға сәйкес келетін қадымды санады да тоқтайды.

Барлық қой тарап кеткен кезде қойшы: «Менің қойларым қайда, қайда?» деп сұрайды. Барлық қой: «Мә-мә-мә...» деп дауыстайды, Содан соң үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Олардың тек даусы шығады да, ал қойлар өз орындарында тұрады. Қойшы орнынан тұрып, біреуін түртіп: «Қойым, қойым, сен кім?» дейді. Ал қой: «Мә, мә, мә» деп жауап қайтарады.

Қойшы оның кім екенін шешуі керек. Егер қойшы қателесе, барлық қойлар маңырайды да, олардың біреуі қойшыны қой қораға қарай алып барады, ал өзі орнына қайта оралады.

Қойшы: «Менің қоларым қайда?» деп қайтадан сұрайды, ұсталған қойды ол танығанша, ойын жүргізіле береді, Содан кейін ол байланған көзін шешеді де, қой болып шыға келеді, ал қой қойшы болады.

### Көркем әдебиет шығармалары

#### Күшік пен мысық

##### Ертегі

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің қара күшігі, бірінің ала мысығыболды.

Бір күні қара күшік көршінің бағынан кіріп, сонда жүрген аламысықты тұра қуды.

Мысық қашып барып, алма ағашқа шығып кетті.Күшік ағаш түбіне келіп:

- Әу-әу-әу, әу-әу-әу! – деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды.

Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, ырылдап айбат шекті.

Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктіңбасына келіп топ ете түсті. Күшік қаңқ ете қалды да, «мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді. Ол енді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа шәуілдеп тұрған.

Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол «және де ұрады екен» деп ойлап, күшік жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті.

Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

*Т. Жексенбай*

#### Әділ шешім

Орман төресі айбарлы Арыстанға Қоңыр аюдың үстінен арыз жазылды. Арызда бітік өскен Таңқурайлы сайды мекендеп, қорып, оған түскен Шошқаның торайын таспен ұрып көзін шығарып, Ешкінің лағыныңсирағын сындырған, бұзаулы Сиырдың мүйізін қағып түскені мәлімделді. Ормандағы бар жауналар жиналып Қоңыр аюдың мәселесін қарады.

- Аюеке сенің мінезің момақан еді, не себепті Шошқа, Ешкі, Сиырларға қиянат жасадың? – деді айбарланған Арыстан.

- Уа, тақсыр менен бір білместік өтті. Оларға жазықсыз қастандықжасаған жоқпын. Бар кінә өздерінде.

- Неліктен?

- Шошқа торайын ертіп алып, қорс-қорс етіп пісіп тұрған таңқурайдыңтүбін қопарды. Бір күндік емес келешектің жемісі емес пе? Таңқурайжы аядым. Шошқаны үркітейін деп тас лақтырып едім, торайына тиіп, көзін шығардым. Ол үшін әрине кінәлімін. Қоңыр аю иіліп келіп еңкейді. Айбарланған Арыстан Қоңыр аюдан мұны күтпеген еді, оған іші жылып қалды.

- Дұрыс айтасың, келешек өнімді қорғау бәріміздің ортақ борыш. Шошқа таңқурайды қопарғаның рас па?

- Рас, еді тақсыр.

- Ендеше қоңыр аю емес өзің кінәлісің.

- Ешкі не істеді, Аюеке?

- Лағын ертіп алып таңқурайдың піскен жемісін төгіп, сабағын шорт-шорт үзді.

- Ешкі де айыпты, ал сиыр не істеді?

- Бұзауымен ары-бері жүріп таңқурайды таптады.

- Сиыр да кінәлі. Таңқурайдың тағдырын ойлаған Қорңыр аюда еш жазық жоқ. Арыз жазғандар жауапқа тартылсын. Айбарланған арыстанәділ шешім шығарды. Жала жапқандардан құтылған Қоңыр аюТаңқурайлы сайға қарай томпаңдап ақырын аяңдай берді.

*Ескермес Сәрсенбаев*

### **Қоян зары**

Екі қоян кездесіп, мұңдасыпты:

- Бізден сорлы дүниеде жан бар ма? Адам да, аң да, ит те, құс та - бәрі де бізге мықты. Бәрінен де қорқамыз. Тиінше ағашқа шыға алмаймыз, тышқанша ін қаза алмаймыз. Тісіміз өткір, тістеуге бата алмаймыз. Көбіне жым болатынымыз осы қорқақтығымыз. Мұнан былай осы қорқақтықты қояйықшы, - десіпті.

- Солай десіп тұрғанда, қамыс сылдыр ете қалады. Қорқуды қоямыз деп тұрған батырлар тырағайлап екеуі екі жаққа қаша жөнеледі.

*Ахмет Байтұрсынов*

### **Бақша ағаштары**

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен

өскен,- деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, -деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сеніңқате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.

*Ыбырай Алтынсарин*

### **Тіл алмаудың кесірі**

Көктемнің алғашқы күндері. Түн суық. Күндіз күн көзі ашық болса, ауа жылынады. Бірақ түнгі ызғар түске дейін қайтпайды. Сәскеде ойнап келу үшін үйден шығып бара жатқан Жақанға анасы:

— Балам байқа көшеге жылы киініп шық, - деді.

— Күн ашық қой, апа, тоңбаймын,- деп, Жақан бетін тыржитып, иығын қиқаң еткізіп, үйден шығып кетті.

Ол көшеге шыққанда ызғырық жел соғып тұр екен. Достарымен доп ойнап, терлеп-тепшіген Жақан, жел өтінде көп отырып қалып, өкпесіне суық тигенін ет қызумен байқамай қалды.

Кешінде оның қызуы қатты көтерілді. Түні бойы ұйықтай алмады.

Келесі күні ол ауруханаға түсті. Алма беті қызарып алауы басылар емес.

— Саған кеше жылы киініп жүр деп едім ғой,- деп, асыл ана оныаянышпен аймалап, көзіне жас алды.

— Апатай! Бұдан былай тіліңізді алып жүремін,- деп Жақан кешірімсұрады.

— «Кешігіп кешірім сұраудың не пайдасы бар? Тіл алмаудың кесірінен ауырып қалдым» - деп ойлап, Жақан іштей өкініп жатыр.

*Әдібай Табылды*

## **ТАҢЕРТЕҢГІ ЖАТТЫҒУЛАР**

### **Желтоқсан (1-кешен)**

1. Бір тізбекте жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша бағытты өзгертіп отыру.
2. Звеноға бөлініп тұру.
3. Б.қ. тұзу тұру, қолды түсіріп, оң қолға қапшықты ұстап тұру, қолды жаннан жоғары көтеру, оң қолдан, сол қолға қапшықты ауыстыру қолға қарау, б.қ. келу.
4. Б.қ. молда соқынып отыру, қапшық алда, еденге қою. Оңға бұрылып қапшықты артына жасырып қою. Б.қ. келу, сол жаққа бұрылып қапшықты алдына қою 6-8 р.қ.
5. Б.қ. аяқты алшақ ұстап тұру, қолды төмен түсіріп тұру. Алға төмен еңкею, қапшықты алға қою, б.қ. келу 6-8 р.қ.
6. Б.қ. шалқасынан жату, оң тізені бүгіп, кеудеге жақындату, аяқ астынан қапшықты бір қолдан екіншісіне ауыстыру, б.қ. оралып, 6-8 р.қ.

7. Б.қ. орында тұрып секіру. Тізені жоғары көтеріп тұру.

### **Желтоқсан (2-кешен)**

1. Тізбекте жұптасып жүру, жүгіру.

2. Звеноға бөлініп тұру.

3. Б.қ. аяқты қосып тұру, қолмен құрсауды төменде ұстап тұру, құрсауды алға, жоғары, вертикальды, алда ұстау. Б.қ. оралу, 6-8 р.қ.

4. Б.қ. аяқ арасын алшақ ашып тұру, құрсауды төмен ұстау. Кеудені оңға бұру, құрсауды алда ұстау, б.қ. сол жаққа бұрылу, 6-8 р.қ.

5. Б.қ. тізерлеп тұру, құрсау алда кеуде тұсында, құрсауды жоғары көтеру, оңға бұрылу, қолды түзу ұстау, құрсауды алда тік ұстау. Б.қ. келу, сол жақта қайталау 6-8 р.қ.

6. Б.қ. өкшені қосып, аяқ ұшын тік ұстап тұру. Құрсауды еденге тигізіп тұру.

7. Отыру, қолды құрсаумен алға созып бел тұсында ұстау, б.қ. келу. 6-8 рет.

8. Аяқ арасын ашып отыру, құрсауды алып шынтақты бүгіп ұстап тұру. Алға еңкею аяқ арасындағы ашық еденге құрсауды тигізу, б.қ. келу 6-8 р.қ.

9. Б.қ. аяқты қосып тұру, құрсауды еденге қою. Құрсауды айнала секіру.

10. Бір тізбекте жүру.

### **Зерттеу жұмысы**

#### **№1 картотека**

#### **Сұйықтықтардың қатуы.**

Мақсаты. Балаларды әртүрлі сұйықтықтармен таныстыру, олардың қату процестеріндегі айырмашылықтарын анықтау.

Материалдар: Кәдімгі су және тұзды су, сүттің, шырынның, өсімдік майының бірдей мөлшері бар қалыптар немесе ыдыстар.

Барысы: Балалар сұйықтықтарды қарастырады, олармен тәжірибе жасайды және сұйықтықтардың айырмашылықтары мен жалпы қасиеттерін анықтайды (ауырлығы, сыйымдығы және пішінін алу қабілетін қалыптастыру). Балалар әртүрлі сұйықтықтары бар қалыптарды суыққа шығарады. Серуендеуден кейін балалар қандай сұйықтықтардың қатып қалғанын және қайсысы қатпағанын қарастырады және анықтайды.

Қорытынды. Сұйықтықтар әртүрлі жылдамдықпен қатып қалады, кейбіреулері мүлдем қатпайды. Сұйықтық неғұрлым қою болса, мұздату уақыты соғұрлым ұзақ болады.

### **Дидактикалық ойын**

#### **«Бұл не қылған дыбыс»**

Мақсаты: Баланы бір дыбысты бір дыбыстан және сөздің басындағы дыбысты ажыратып үйрету.

Құрал: Бірдей дыбыстан басталатын суреттердің аттары.

Ойын барысы: Ойынға 3-5 балаға қатысуға болады. Ойыншылар үстел басына отырады, тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетіп атайды. Балалар зейінді тыңдап сөздегі бірдей дыбыстарды танып білу қажет. Табылған дыбыс нақты айтылу қажет. Мысалы: а-а-апа, а-а-ана, а-а-айна, а-а-алма.

## ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

### Қарлы шеңбер

**Мақсаты:** қар түйірін жасау және оны нысанға дәлдеп лақтырып тигізу дағдысын дамыту

**Ойын барысы:** Балалар әрқайсысы 4-5 адамнан тең екі топқа бөлінеді. Қабырғаға бекітілген екі жалпақ фанердің бетіне дөңгелектер диаметрі 50-60 см. нысаналар сызылады, Нысаннан 3 м. қашықтыққа сызық жүргізіледі. Әр топ сызықтың арғы жағында өзінің нысанасына қарсы сап түзеп тұрады, сызықтан аттауға болмайды. Әр ойнаушыда 5-6 кесек қар түйірі бар. Тәрбиешінің «бастаңдар!» деген белгісі бойынша әрбір топ қолындағы кесек қарды лақтырып, өз шеңберлеріне, мүмкіндігінше тезірек жабыстыруға тырысады. Егер балаларда кесек қарлар таусылып қалса, олар оны сол жерде-ақ сығымдап жабыстырып алады. Дөңгелекті кесек қарлармен қай топ бұрын толтырса, сол топ жеңіп шығады.

### *Балаларға арналған ұлттық ойындар*

#### Айгөлек

Айгөлек – халқымыздың ұлттық ойындарының бірі. Ойын шарты бойынша ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Олардың сандары да, жас шамалары да бірдей болулары керек. Екі топтың екеуінің де ойынды бастаушысы болады. Аралары 10-15 метрдей жерде қол ұстасып, қатарласа тұрған осы екі топ біріне-бірі сөз тастап, күш көрсетіп, өнер жарыстыра бастайды. Екі жақтың ойын бастаушылары орталарынан бір қыз бен бір баланы шығарып, олардың қолына бір ақ тас, бір қара тас береді. Олар екі тасты ешкімге көрсетпей, уысына қысып тұрады да:

- Сен қай қолдағы тасты қалайсың? - деп сұрайды. Бастаушылардың біреуі мен: «Оң қолдағы тасты қалаймын», - дейді, екіншісі сол жақ қолдағы тасты алады. Қайсысында ақ тас болса, сол ойын бастайды.

*Бірінші топ:*

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген Шепті бұзар ер керек.

*Екінші топ:*

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпіні желдей өршіген Саған қандай ер керек? - дейді.

*Алдыңғы топ:*

Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Күші мығым, қуатты, Екпінi желдей өршіген

Бізге ... (Ерсін) ер керек,

- деп бiр ойнаушының атын атайды.

Ол тобынан шығып, бiр-екi адым iлгерi басып: Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек. Сайысқанда саспайтын,

Самала күнге бастайтын,

... деген ер шыққан,

Топ бұзуға мен шыққам,

- деп сол жүгiрген бойы қарсы топты жарып өтпек болады. Ол екпiндi, күштi болса, топты жары өтiп, өзi қалаған бiр қызды, не бiр ер баланы жетектеп өз тобына алып келедi. Егер ол топты жарып алмаса, сол топта өзi қалып қояды. Ендiгi шақыруды екiншi топ бастайды. Сөйтiп, ойынжалғаса бередi. Ойында дөрекiлiк көрсетуге, жұптасқан жұдырықты жүгiрiп келе жатқан ойыншыға қарсы қоюға болмайды. Жүгiрген ойнаушыда ойын ережесiн сақтауға тиiс.



### **Асық ойыны**

Асық ойыны - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндізде, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), т.б.

#### **Алшы ойыны**

Бұл ойында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді. «Алшы ойыны»сақаның салмақты да алшы тұруына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойынын» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

*Алшы* – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

*Тәйке (таба)* – асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

*Бүк (бүге)* – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

*Шік (шіге)* – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

### **Үш табан**

Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

### **Омпы**

Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқанасығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

### **Асықты тігіп ойнау**

